ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ
Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
2-бөлім
Сәйкестендіру негіздері

Информационная технология
ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ОТКРЫТЫХ СИСТЕМ
Основы безопасности для открытых систем
Часть 2
Основы аутентификации

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-2-2008

(ИСО/МЭК 10181-2:1996 «Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. Сәйкестендіру негіздері», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
2-бөлім
Сәйкестендіру негіздері

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-2-2008
(ИСО/МЭК 10181-2:1996 «Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. Сәйкестендіру негіздері », IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Инфосистемы Джет» ЖАҚ **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы 25 ақпандағы № 107-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Қазақстан Республикасы экономикасының қажеттіліктерін көрсететін қосымша талаптар мәтін бойынша көлбеу қаріппен белгіленіп ИСО/МЭК 10181-2:1996 «Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. Сәйкестендіру негіздері» («Information technology. Open Systems Interconnection. Security frameworks for open systems. Authentication framework») халықаралық стандартына балама, IDT

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2013 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

Кіріспе

«Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әсерлері. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері» жалпы тақырыпқа ие ҚР СТ ИСО/МЭК 10181 мына бөлімдерден тұрады:

– 1 бөлім. Шолу
– 2 бөлім. Сәйкестендіру негіздері
– 3 бөлім. Қол жеткізуді басқару негіздері
– 4 бөлім. Авторлықтан бас тартпау негіздері
– 5 бөлім. Құпиялық негіздері
– 6 бөлім. Тұтастық негіздері
– 7 бөлім. Қауіпсіздік және жедел хабарлауды есепке алу негіздері.

Осы стандарт қосымшалары анықтамалық болып табылады.

Көптеген қосымшаларға ақпаратты өткізу кезіндегі қатерлерге қарсы тұру мақсатында қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптары қойылады. Кейбір белгілі қауіпсіздік қатерлері, сонымен қатар қауіпсіздік тетіктері мен сервистері ГОСТ ИСО 7498-2:2002 сипатталған.

Осы стандарт сәйкестендіру сервистерін көрсетудің жалпы негіздерін ұсынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ
Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
2-бөлім
Сәйкестендіру негіздері

Енгізілген күні 2008.07.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ашық жүйелер ортасында қауіпсіздік сервистерін қолдану мәселелерін шешуге арналған Қауіпсіздік негіздерін белгілейді. «Ашық жүйелер» термині бойынша мәліметтер базасы, бекітілген қосымшалар, ашық таралған өңдеу және ашық жүйелер өзара әрекеттері деген салаларды білдіреді.

Қауіпсіздіктің негізгі ережелері мәліметтер элементтерімен қатар арнайы қауіпсіздік сервистерін алу мақсатында қолданылатын кезекті әрекеттерімен (хаттама элементтерінен басқа) жұмыс жасайды. бұл қауіпсіздік сервистері өзара әрекеттесу жүйелер мәндеріне қатысты, сонымен қатар жүйелер арасында мәлімет алмасуға, және жүйені басқаратын мәліметтерге қатысты қолдануы мүмкін.

Осы стандарт:

– Сәйкестендірудің негізгі ұғымдарын;

– Сәйкестендіру тетіктерінің мүмкін сыныптарын;

– Сәйкестендіру тетігінің осы класына сервисті;

– Сәйкестендірудің осы тетіктерін қолдауға арналған хаттамаларға қойылатын атқарымдық талаптарды;

– Сәйкестендіруді басқаруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы стандарт мыналарды қоса стандарттардың әртүрлі типтеріне қатысты қолданыла алады:

1) Сәйкестендіру ұғымдары көрсетілген стандарттар;

2) Сәйкестендіру сервисін көрсететін стандарт;

3) Сәйкестендіру сервисін қолдану стандарттары;

4) ашық жүйелер архитектурасында сәйкестендіруді ұсыну әдістері мен құралдар ерекшелендіретін стандарттары;

5) Сәйкестендіру тетіктерін мамандандыратын стандарттары. [атап өтетін жайт, 2), 3) және 4) жағдайлар құрамында сәйкестендіру болуы мүмкін, алайда мақсаттары басқа болады]

Ресми басылым

Бұл стандарттар осы стандарттарды мынадай үлгіде қолдана алады:

– 1), 2), 3), 4) және 5) түрдегі стандарттар осы стандарт терминологиясын қолдануы мүмкін;

– 2), 3), 4) және 5) стандарт түрлері осы стандарттың 7-бөлімінде көрсетілген сервистерді қолдануы мүмкін;

– 5) түрдегі стандарт осы стандарттың 8-бөлімінде көрсетілген тетіктерге негізделуі мүмкін.

Басқа қауіпсіздік сервистері сияқты сәйкестендіру де белгілі бір қосымшаға арналған арнайы қауіпсіздік саясаты контекстінде ғана ұсынылады. Қауіпсіздік саясатын анықтау осы стандарттар шеңберіне кірмейді.

Осы стандарттар аясы хаттамалық айырбас сәйкестендіруді жүзеге асыруға қажетті бөліктерінің спецификациясын қамтымайды.

Осы стандарт сәйкестендіру сервистерін қолдау жөніндегі арнайы механизмдерді анықтамайды. Басқа стандарттарда (*ҚР СТ ИСО/МЭК 9798 сияқты*) сәйкестендірудің толық әдістері толығырақ өңделген. Одан басқа, осындай әдістердің мысалдары стандарттарда (*ҚР СТ ИСО/МЭК 9594-8 сияқты*) сәйкестендірудің арнайы талаптарын көрсету үшін қолданылады.

Осы стандартта сипатталған бірқатар процедуралар криптографиялық әдістерді қолдану арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Осы Негіздер арнайы криптографиялық немесе басқа алгоритмдерді қолдануға байланысты емес, сәйкестендірудің кейбір тетіктері арнайы алгоритм қасиеттеріне байланысты болуы мүмкін, мысалы, ассиметриялық қасиеттер. *Ақпаратты криптографиялық қорғаудың нақты құралдарын таңдау және қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі және осы стандарттың қарастыратын заты болып табылмайды.*

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-1-2008 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдістері мен құралдары. Сәйкестендіру тетіктері. 1-бөлім. Жалпы ережелер.

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-2-2008 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдістері мен құралдары. Сәйкестендіру тетіктері. 2-бөлім. Симметриялық шифрлеу алгоритмдерін қолданатын тетіктер.

ҚР СТ ИСО/МЭК 9798-3-2008 Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдістері мен құралдары. Сәйкестендіру тетіктері. 3-бөлім. Цифрлік қолтаңба әдісін қолданатын тетіктер.

ҚР СТ ИСО/МЭК 10116-2008. Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдістері мен құралдары. n-биттік блок шарттарымен жұмыс жасау режимі.

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1-2008. Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеттері. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері: 1-бөлім. Шолу.

ГОСТ ИСО 7498-2:2002 Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеттері. Негіздік эталондық модель. 2-бөлім. Ақпаратты қорғау архитектурасы.

ИСО/МЭК 8348-2002 Ақпараттық технологиялар. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Желілік қызметті анықтау.

ИСО/МЭК 8824-2002 (4 бөлікте) Ақпараттық технология. Бір нұсқасында синтаксисті белгілеудің абстрактілі жүйесі (ASN.1).

ИСО/МЭК 9545-1994 Ақпараттық технологиялар. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Анықтамалық. Ашық кілтпен шифрлеу және сапалы сертификаттық құрылымдар.

ИСО/МЭК 9979-1991. Криптографиялық әдістер. Криптографиялық алгоритмдерді тіркеу процедурасы.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта *ҚР СТ ИСО/МЭК 10116-2008, ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1-2008,* ГОСТ ИСО 7498-2 бойынша терминдер, сондай-ақ сәйкес анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Автономды сәйкестендіру сертификаты (off-line authentication certificate): Барлық мағыналарға бірдей қол жеткізерлік бола алатын айырым идентификаторын байланыстыратын сәйкестендіру сертификаты.

3.2 Сәйкестендірудің ассиметриялық әдісі (asymmetric authentication method): барлық ақпараты екі мән аралығында бөліне бермейтін Сәйкестендіру әдісі.

3.3 Сәйкестендірулік айырбас (authentication exchange): Сәйкестендіруді жүзеге асыру мақсатында сәйкестендіру ақпараттың бір немесе одан да көп кездегі айырбас ақпараты.

3.4 Сәйкестендіру сертификаты (authentication certificate): Сәйкестендіру жөніндегі уәкілетті растаған қауіпсіздік сертификаты, ол сертификат бірқатар мән түпнұсқасын растау мақсатында қолдануы мүмкін.

3.5 Сәйкестендіру (authentication): бірқатар мәндердің мәлімделген түпнұсқасын кепілдендіруді қамтамасыз ету.

3.6 Сәйкестендірілген мән (authenticated identity): Сәйкестендіру процессі барысында куәландырылған принципиалдың айырым идентификаторы (Сәйкестендіру объектісі).

3.7 Верификатор (verifier): түпнұсқаны растайтын өзі болатын немесе оның өкілі болып табылатын мән. Верификатор сәйкестендіру процессінде

мәліметтердің ақпараттық айырбасын жүзеге асыру атқарымдығына ие болып табылады.

3.8 Сәйкестендірудің верификациялық ақпараты (верификациялық ИА) (verification authentication information, verification AI): Верификатордың айырбастық ИА да мәлімделген мәнді верификациялау мақсатында қолданатын ақпарат.

3.9 Сұраныс (challenge): верификатор жасайтын уақыт жөнінде ауыспалы параметр.

3.10 Мәлімдеуші (claimant): Сәйкестендіру мақсатында принципиал немесе өкілі болып табылатын маңыз. Мәлімдеуші принципиал атынан сәйкестендірулік айырбасқа қатысуға қажетті қызметтерді қосады.

3.11 Сәйкестендірудің мәлімдеуші ақпараты (мәлімдеуші ИА) (claim authentication information, claim ИА): Мәлімдеушінің принципиал сәйкестендірілуіне қажетті айырбас ИА туындауға қолданатын ақпараты.

3.12 Сәйкестендіру бастамашысы (authentication initiator): Сәйкестендірулік айырбасты бастайтын мән.

3.13 Сәйкестендіру ақпараты (authentication information): Сәйкестендіру мақсатында қолданылатын ақпарат.

3.14 Айырбастық сәйкестендіру ақпараты (айырбастық ИА) (exchange authentication information, exchange ИА): Принципиал сәйкестендірілуі процессі кезінде мәлімдеуші мен верификатор айырбастайтын ақпарат.

3.15 Оперативті сәйкестендіру сертификаты (on-line authentication certificate): Сәйкестендірулік айырбаста қолдануға мақсатталған, уәкілетті мәліметшіден тікелей алынатын сәйкестендіру сертификаты.

3.16 Айырым идентификаторы (distinguishing identifier): Сәйкестендіру процессінде мәнді бір жақты идентификациялайтын мәліметтер. Осы стандарт осындай ең жоқ дегенде қауіпсіздік доменінің шеңберінде бірегей болуын талап етеді.

3.17 Уақыт бойына құбылмалы болып келетін параметр (time variant parameter)**:** хабарламаның қайта жаңғыртудың нәтижесі еместігін растау үшін мәндік қолданатын мәліметтер элементі.

3.18 Принципиал (Сәйкестендіру объектісі) (principal): түпнұсқасы расталуы мүмкін мағына

3.19 Сәйкестендірудің симметриялық әдісі (symmetric authentication method): Екі мән де жалпы сәйкестендіру ақпаратын бөлісетін сәйкестендіру әдісі.

3.20 Бірегей нөмір (unique number): Мәлімдеуші арқылы туындалып уақыт бойына құбылмалы болып табылатын параметр.

4 Сәйкестендіру туралы жалпы мәліметтер

4.1 Сәйкестендірудің негізгі ұғымдары

Сәйкестендіру мәлімделген мәнге сенімді қамтамасыз етеді. Сәйкестендіру тек принципиал мен верификатор арасындағы өзара әрекет контекстінде ғана маңызға ие болады. Екі маңызды жағдай бар: верификатормен ерекше коммуникациялық өзара әрекетке ие мәлімдеуші ұсынған принципиал (мән сәйкестендірілуі) және верификатордың қол жеткізерлік мәліметтер элементінің көзі болып табылады (мәліметтер көзінің сәйкестендірілуі).

Осы стандарт сәйкестендірудің екі түрін айырады. Мән сәйкестендірілуі коммуникациялық өзара байланыс контексіндегі принципиал түпнұсқасын растауды қамтамасыз етеді (сәйкестендіру объектісі). Принципиалдың сәйкестендірілген маңызы тек ол сервис қосылғанда ғана куәландырады. 4..2.7. тармақта көрсетілгендей сәйкестендіру үздіксіздігіне қол жеткізу мүмкін. Оған ГОСТ ИСО 7498-2 де суреттелген бір дәрежелі ВОС Сәйкестендірілуі мысал бола алады.

Дерекқорлардың сәйкестендірілуі арнайы нақты деректер блогіне жауапты принципиалды растауын қамтамасыз етеді.

Ескертпелер

1 Деректер көзін сәйкестендіру кезінде мәліметтердің өзгертілмегені туралы балама сенімге ие болу қажет. Оған тұтастық сервисін қолдану арқылы қол жеткізуге болады, мысалы:

а) деректер өзгеруіне болмайтын ортаны қолдану;

б) алынған мәліметтердің жіберілген мәліметтердің сандық таңбасына сәйкестігі туралы верификациясы;

в) сандық қол қою тетігін қолдану;

г) симметриялық криптографиялық алгоритмді қолдану;

2 Сәйкестендірулік мәнді анықтауда қолданылған коммуникациялық өзара байланыс термині кең интерпретацияға жол береді және қайта қосылу, процесс аралық коммуникация немесе қолданушы мен терминал арасындағы қатынасқа да жатуы мүмкін.

4.1.1 Сәйкестендіру және баламалау

Принципиал — дегеніміз белгіленуі (сәйкестендіру) мүмкін мағына, түпнұсқа болып табылады. Принципиал бір немесе бірнеше айырым сәйкестендіргіштерге ие. Сәйкестендіру сервистері принципиалды верификациялау мақсатында мәндер арқылы қолданылады. Осылайша расталған принципиал түнұсқасы Сәйкестендірулік мән деп аталады.

Сәйкестендіріліп және баламаланатын принципиал мысалдары:

– Қолданушы-адамдар;

– процесстер;

– шынайы ашық жүйелер;

– ВОС деңгейінің маңыздары;

– Кәсіпорындар.

Айырым идентификаторлардың қауіпсіздік домені аясында бірегей болуы талап етіледі. Айырым идентификаторлары принципиалды сол домендегі басқалардан екі әдістің бірімен ерекшеленеді:

– Нақтылаудың төменгі деңгейінде — сәйкестендіру мақсаттарына теңдес болып саналатын маңыздар тобына жатуы арқылы (бұл жағдайда топ толығымен бір принципиал ретінде қарастырылады және бір айырым идентификаторына ие);

– Нақтылаудың ең жоғарғы деңгейі – бір ғана мағынаны сәйкестендіру.

Түрлі қауіпсіздік домендері арасында сәйкестендіру орын алғанда, мағынаны біржақты баламалауға айырым идентификаторы жеткіліксіз болады, себебі түрлі қауіпсіздік домендерге құзыретті бірдей айырым идентификаторын қолданулары мүмкін. Бұл жағдайда айырым идентификаторлары мағынаның бірегей идентификаторымен қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік доменінің идентификаторымен қолданылуы қажет:

– каталогтар аттары(ИСО/МЭК 9594-8);

– тораптық мекен жайлар (ИСО/МЭК 8348);

– қолданбалы процесстер мен қолданбалы деңгейдегі маңыздар аттары (ИСО/МЭК 9545);

– объект идентификаторлары (ИСО/МЭК 8824);

– адамдар аттары (домен контекстегі бірегейлер);

– төлқұжат нөмірлері мен әлеуметтік сақтандыру нөмірлері.

4.1.2 Сәйкестендіру мәні

Мәлімдеуші термині сәйкестендіру мақсатында принципиал болып табылатын немесе өкілі болып табылатын мағынаны сипаттауға қолданады. Мәлімдеуші принципиал атынан сәйкестендірулік айырбасқа қатысу үшін қажетті қызметті қосады.

Верификатор термині өзі түпнұсқаны растайтын мән болып табылатын немесе олардың өкілін сипаттауға қолданылады. Верификатор сәйкестендіру процесінде мәліметтерді ақпараттық айырбасты жүзеге асыруға қажетті қабілетке ие.

Екі жақты сәйкестендіруге тартылған мән, (5.2.4 қараңыз), мәлімдеуші және верификатор ролін қабылдайды.

Сенім артылған үшінші тарап термині қауіпсіздік жөнінде уәкілеттік берілген немесе қауіпсіздікпен байланысты әрекеттерге қатысты басқа мағыналардың сеніміне ие оның агентін сипаттау үшін қолданылады, осы стандарт контекстінде сенім артылған үшінші тарап сәйкестендіру мақсатында мәлімдеуші және/немесе верификатор сеніміне ие болады.

Ескертпе – Мәлімдеуші немесе верификатор бірнеше атқарымдық құрамбірліктер түрінде сипатталуы мүмкін, олар түрлі ашық жүйелерде орналасуы мүмкін.

4.1.3 Сәйкестендіру ақпараты

Төменде сәйкестендіру ақпаратының түрлері берілген:

– сәйкестендіру айырбас кезінде қолданылатын ақпарат (ИА айырбас);

– айтылатын сәйкестендіру ақпараты (айтылатын ИА);

– сәйкестендірудің верификаторлық ақпараты (верификаторлық ИА).

Сәйкестендірулік айырбас термині сәйкестендіру мақсатына жету үшін жүзеге асырылатын бір немесе бірнеше ақпарат берілуін сипаттау мақсатында қолданылады.

1-сурет. мәлімдеуші мен верификатор және сенім артылған үшінші тарап арасындағы қатынасты сипаттайды, сонымен қатар сәйкестендіру ақпаратының үш түрін сипаттайды.



1. сурет – Мәлімдеуші, верификатор және сенім артылған үшінші тарап арасындағы қатынас, сонымен қатар сәйкестендірілетін ақпараттың үш түрі

Ескертпе:

1 Кейбір сценарийлерде сенім артылған үшінші тараптарды сәйкестендірулер қолданылмайды.

2 Верификатордың сәйкестендіру ақпаратын принципиал немесе сенім артылған үшінші тарап арқылы берілуі мүмкін (ол туралы толығырақ . 4.5 тармақта көрсетілген).

Кейбір жағдайда ИА айырбасын туындау үшін мәлімдеушіге сенім артылған үшінші тараппен өзара қатынас қажет болады. Осылайша верификатор ИА айырбасын тексеру мақсатында сондай-ақ сенім артылған үшінші тараппен өзара қатынас қажет болуы мүмкін.Бұндай жағдайларда, сенім артылған үшінші тарап Заңсыз қол сұғумен байланысты қатерлерге

қарсы әрекеттер кезінде сәйкестендіруге тұтастық бақылау қызметінің қандай да бір формасымен бірге қолданылуы мүмкін, ол сәйкестендіруге ұқсастықты әрекетпен байланыстырады.

Қайта жасау құқығынсыз нәтиже алу үшін ИА айырбасын қайта қолдану қажет. Қайта жасау әдетте шабуылдың басқа түрлеріне қолданылады, мысалы, мәліметтердің өзгерісі. Сәйкестендіру тетіктердің қайта жасау, алайда біркелкі қарсы тұра алмайды. Қайта жасау қауіпсіздіктің басқа қызметтеріне қауіп төндіреді. Сәйкестендіру қайта жасауға қарсы қолданылуы мүмкін, себебі ол ақпарат көзін орнату құралдарын қолданады.

Принципиалға жататын тексеру ИА ұстаушысы болуы мүмкін. Сенім артылған үшінші тарапты ИА айырбасын беруге қолданылуы мүмкін.

Сәйкестендіру ақпараттың үш түрінің мысалы 6.1. тармағында көрсетілген.

Ескертпе – Куәлік термині барлық жағдайда дұрыс үйлесімді қолданылмағандықтан бұл құжатта ол термин қолданылмайды. *ГОСТ ИСО 7498-2* анықталған *куәлік* термині АІ айырбасы мысалы ретінде қолданылады.

4.2 Сәйкестендіру қызметінің түрлі аспектілері

4.2.1 Сәйкестендіру қауіптері

Сәйкестендіру мақсаты принципиал ұқсастығының кепілдігін қамтамасыз ету болып табылады. Сәйкестендіруді қамтамасыз ету тетіктері заңсыз кіру және көшіру қатерлерін жоюлары қажет.

Заңсыз кіру дегеніміз объектінің басқа бір объект ретінде болуы, яғни басқаша түрмен верификатормен байланысты (мысалы, мәліметтердің шығу тег немесе коммуникациялық өзара әрекет арқылы) басқа объект екендігін білдірмеу. Бұған қайта жасау, жасырын ауыстыру немесе мәлімдеуші компроментациясы жатады.

Заңсыз ену қатерімен әрекет ету барысында беттеседі (мәліметтер шығуымен немесе коммуникациялық өзара қатынас арқылы), оны мәлімдеуші немесе верификатор бастаулары мүмкін. Заңсыз енуден қорғану тұтастықты бақылау қызметін талап етеді, ол осы мәліметтер элементтерін сәйкестендірулік айырбаспен байланыстырады.

Заңсыз енумен байланысты қатерлерге қарсы әрекеттер кезінде сәйкестендіру тұтастықты бақылау қызметінің қандай да бір нысанымен бірге қолданылуы мүмкін, ол сәйкестендіруді ұқсастық әрекетімен байланыстырады.

Қайта жасау құқығынсыз нәтиже алу үшін АІ айырбасын қайта қолдану жатады. Қайта жасау әдетте шабуылдың басқа түрлерімен қолданылады, мысалы, мәліметтерді өзгерту. Сәйкестендіру тетіктерді қайта жасауға біркелкі қарсы тұра алмайды. Қайта жасау қауіпсіздіктің басқа қызметтеріне қауіп төндіреді. Сәйкестендіру қайта жасауға қарсы қолданылуы мүмкін, себебі ол ақпарат көзін орнату құралдарын қолданады.

4.2.2 Сәйкестендіруді өткізу

Кей жағдайларда принципиалдың жүйемен жанаса өзара қатынасқа түсуін талап етілуі мүмкін. Бұндай жағдайларда жүйеде принципиалдың өкілдігі жасалады. Жүйеде өкілдікті жасамас бұрын, принципиал сәйкестендірілуі тиіс.

Принципиал атынан әрекет ете отырып, өкіл принципиалмен бірге сәйкестендірілуі мүмкін. Өкіл өзі принципиал болғандай әрекет етеді, жүйедегі принципиалдың әрекеттері оның тікелей қатысуынсыз орын алуы мүмкін, А қосымшасын қараңыз, онда мысалдар келтірілген.

Егер принципиал болып мәлімдеуші адам табылса, өкілдің әрекет ету уақытының ұзақтығын шектеу тетігі қолданылуы мүмкін, ал қолданушы арнайы бір орында болуы мүмкін.

4.2.3 Бір жақты және өзара сәйкестендіру

Сәйкестендіру бір жақты немесе екі жақты болуы мүмкін. Біржақты сәйкестендіру бір ғана принципиалдың ұқсастығына сенімділікті қамтамасыз етеді. Екі жақты сәйкестендіру екі принципиалдың да ұқсастығын кепілдендіруді қамтамасыз етеді.

Объекттер сәйкестендірілуі бір жақты да екі жақты да бола алады. Сәйкестендіру өз табиғатының шығу тегі жағынан үнемі бір жақты болады.

4.2.4.Сәйкестендірулік айырбасты бастау

Сәйкестендірулік айырбасты мәлімдеуші де верификатор да бастай алады. Сәйкестендірулік айырбасты бастайтын объект сәйкестендіру бастамашысы болып табылады.

4.2.5 Сәйкестендіру ақпаратын жою

Сәйкестендіру ақпаратын жою тексерулік сәйкестендіру ақпараттың үнемі дұрыс болмауымен байланысты. Арнайы жағдайларда қауіпсіздік стратегиясы сәйкестендірілген ақпаратты жоюды талап етуі мүмкін. Сәйкестендірілген ақпаратты жою туралы шешім қауіпсіздікті бұзу жағдайының ашылуымен шартты болуы мүмкін, стратегия өзгеруімен немесе басқа да шешімдермен байланысты болуы мүмкін. Сәйкестендіруші ақпаратты жою қол жеткізуді немесе басқа әрекетке түрткі болуы мүмкін (түрткі болмауы да мүмкін).

Бұдан басқа басқаруға қатысты мына әрекеттер қолданылуы мүмкін:

а) жағдайды тіркеу журналына жазу;

б) жағдай туралы жергілікті деңгейде хабарлау;

в) жағдай туралы алысқа хабарлау;

г) коммуникациялық өзара әрекетті тоқтату.

Әр жағдайға байланысты қабылданатын ерекше шара қауіпсіздік стратегиясына және коммуникациялық өзара әрекетке жататын басқа да

факторларға байланысты немесе принципиал жүйеге тіркелген кезде өзгерістер болғаны немесе активті болуы.

4.2.6 Сәйкестендіру үздіксіздігін қамтамасыз ету

Объект сәйкестендірілуі оның ұқсастығын тек бір белгілі уақытта ғана қамтамасыз етеді. Сәйкестендірудің үздіксіздігін қамтамасыз етуші сәйкестендіру қызметін мәліметтер тұтастығын қамтамасыз ететін қызметпен байланыстыруды қамтамасыз етудің бір жолы болып табылады.

Сәйкестендіру қызметі мен мәліметтер тұтастығын қамтамасыз ету қызметі байланысты, принципиал ең алдымен принципиал сәйкестендіру қызметінің көмегімен сәйкестендіріледі, содан кейін принципиал атынан жіберілетін мәліметтер ИА айырбасымен толықтырылады, ал мәліметтерді өткізу кезінде мәліметтер тұтастығының қызметі қолданылады. Ол ақпараттың басқа объекті арқылы өзгертілмеуін кепілдендіреді және бастапқы сәйкестендірілген принципиалдан шығады. Маңыздысы, мәліметтер тұтастығы ақпараттың принципиалдан верификаторға дейінгі жолдың барлығында мәліметтер тұтастығы қамтамасыз етілуі қажет. Мысалы, егер ақпараттың бір бөлігі сәйкестендірілгеннен басқа принципиал туындаған болса, онда заңсыз ену мүмкін болар еді.

Жойылған объектінің әлі орын алуының кепілдігін алудың басқа жолы әр кезде сәйкестендірулік айырбасты жүзеге асыру болып табылады. Бірақ ол сәйкестендірулік айырбас арасында енуден сақтамайды, және сәйкестендіру үздіксіздігіне кепілдік бермейді.

Мысалы, шабуылдың келесі түрі орын алуы мүмкін: «қаскүнем» кезектегі сәйкестендіруге сұраныс жасағанда, заңды қатысушыға сәйкестендіру жөнінде әрекеттерді орындау мүмкіндігін береді, содан кейін «қаскүнем» қайта басшылықты қолына алады.

Егер тұтастықты тексеру тетігі кілтті талап етсе, онда ол кілт Сәйкестендірулік айырбас кезінде берілген параметрлерден шығуы мүмкін. Ол кілт пен сәйкестендірулік принципиалмен байланысты қамтамасыз етеді, және өз кезегінде екі қызметтің өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Тұтастық қызметінің кілт алу жолы келесі түрде жасалуы мүмкін: Сәйкестендіру параметрлерінің негізінде сәйкестендірулік айырбас процессінде қолданылатын әдістер мен алгоритмдер таңдалады

Ескертпе – қауіпсіздік қызметін қолданған кезде, қажетті ақпаратты сәйкестендірулік айырбас яғни құпия кілт кезінде берілетін параметрлерден алу мүмкін.

4.2.7 Бірнеше домен арасында сәйкестендіргіш құрамбірліктерді тарату

Қауіпсіздік домендері егер мәлімдеуші бір доменге, ал верификатор басқа жатса қатынасқа түсуі мүмкін. Қауіпсіздік доменінің келесі түрі мүмкін:

– сәйкестендіру процесінің бастамашысы орналасқан қауіпсіздік домені;

– верификатор орналасқан қауіпсіздік домені; сенім артылған үшінші тараптар орналасқан қауіпсіздік домені;

Жоғарыда көрсетілген домендердің барлығы түрлі болуы тиісті емес.

Қауіпсіздіктің түрлі домендері арасында сәйкестендіру мүмкін болуы үшін қауіпсіз өзара әрекет ету саясатын белгілеу керек.

4.3. Сәйкестендіру кезінде қолданылатын көздер

Жалпы жағдайда сәйкестендіру әдісін таңдау болжамдар тіркесіне немесе келесі бір немесе одан да көп қағидаларға негізделген мүмкіндіктерге байланысты:

бұл қағидалар қатарына мыналар жатады:

а) белгілі бір нәрсе, мысалы, пароль

б) қолда бар бір нәрсе, мысалы, магнитті немесе смарт карточка ;

в) бірқатар өзгермейтін параметрлер, мысалы, биометрлік;

г) сәйкестендіруді жүзеге асыруға сенім артылған үшінші тараптарды жіберу;

д) контекст, мысалы, принципиал мекен жайы

Жоғарыда аталған принциптардың барлығының бөлінбес кемшіліктерін атап өту қажет. Мысалы, белгілі бір нәрсеге негізделген сәйкестендіру, ол иесінің емес қолда бар нәрсенің сәйкестендірілуі болып табылады. Кейбір жағдайларда, кемшіліктер бірнеше принциптер комбинациялары арқылы жойылулары мүмкін. Мысалы, зияткерлік карталарды қолданғанда (қолда бар нәрсе) кемшілік *жеке сәйкестендіру кодын* (белгісіз бір нәрсе) қолданумен жасала алады. Бұдан басқа д) қағидасы ең сезімтал болып табылады, үнемі басқа принциптармен бірге қолданылады.

Атап өтетін жайт, г) қағидасы рекурсияның екі түрін қолданады:

– үшінші тарапты сәйкестендіру үшін баламалау қажет;

– үшінші тараптар жүргізетін сәйкестендіру төртінші тарапты тартуды талап етуі мүмкін, және әрі қарай жалғасады.

Аталып өткен қағидаларды қолданатын шынайы әдістердің сараптамасы онда қатысып отырған объектілер мен құралдары тура анықтауы қажет.

4.4. Сәйкестендіру сатылары

Сәйкестендіру процессі мына сатыларға бөлінеді:

– орнату сатысы;

– сәйкестендірулік ақпаратты өзгерту сатысы;

– тарату сатысы;

– алу сатысы;

– өткізу сатысы;
– тексеру сатысы;
– блоктау сатысы;
– блоктан шешу сатысы;
– құрастырылымды бұзу сатысы.

Аталған сатылар міндетті түрде уақыттарға бөлінбейді, олар бір уақытта жүре берулері мүмкін.

Сәйкестендірудің тура сызбасына барлық кезең міндетті болып табылмайды. Сонымен қатар, бірқатар жағдайларда сатылар кезектілігі келтірілген сипаттан ауытқуы мүмкін.

4.4.1 Орнату сатысы

Орнату сатысында мәлімдеуші мен сәйкестендірілетін ақпараттың верификаторы анықталады.

4.4.2 Сәйкестендіру ақпаратының өзгеру сатысы

Сәйкестендіру ақпараты өзгерту сатысында принципиал немесе менеджер мәлімдеуші немесе верификатордың (мысалы, парольдің өзгеруі) сәйкестендіру ақпаратының өзгеруіне түрткі болады.

4.4.3 Тарату сатысы

Сәйкестендіру ақпаратын тарату сатысында объектілерге ақпараттың сәйкестендіру айырбасына қолдану үшін объектілерге (мәлімдеушіге, верификаторға) жеткізіледі.

Мысалы, автономды әдістерді қолдануда объектілер осы сатыда сәйкестендіру сертификаттарды, жойылған сертификаттар тізімін, жойылған құзыреттер тізімін алады. Тарату сатысы өткізу сатысының алдында, бір уақытта, өткеннен соң болуы мүмкін.

4.4.4 Жинау сатысы

Қабылдау сатысы кезінде мәлімдеуші немесе верификатор сәйкестендіруді жүргізуге қажетті арнайы сәйкестендіру ақпаратын тудыруға қажетті ақпаратты алады. Түрлі процедуралар сенім артылған үшінші тараптан AI айырбасын алады немесе сәйкестендіру процесіне қатысушы объектілер арасында ақпараттар алмасуы арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы, кілттерді тарату оперативті орталығын қолданған кезде мәлімдеуші мен верификатор бірқатар ақпарат мысалы сәйкестендіру сертификатын алады. (6.1.3. тармағын қараңыз).

4.4.5 Өткізу сатысы

Өткізу сатысында мәлімдеуші мен верификатор арасында сәйкестендіру ақпаратымен алмасу жүзеге асырылады.

4.4.6 Тексеру сатысы

Тексеру сатысына ИА айырбасы ИА тексеруімен салыстырылады. Осы сатыда объект өздігімен ИА айырбасын жүзеге асыра алма Тексеруін жасайтын сенім артылған үшінші тарапқа барады. Бұл жағдайда сенім артылған үшінші тарап оң немесе теріс жауап қайырады.

4.4.7 Блоктау сатысы

Блоктау сатысында бұрын сәйкестендірілуі мүмкін принципиал уақытша сәйкестендірілмеуі мүмкін жағдайын белгілейді.

4.4.8 Блоктан шешу сатысы

Блоктан шешу сатысында блоктау сатысында басталған іс аяқталады.

4.4.9 Бұзу сатысы

Құрастырылымды бұзу сатысында принципиал қағидалар бірлестігінен жойылады.

4.5 Сенім артылған үшінші тараптың қатысуы

Сәйкестендіру тетіктерін сәйкестендіруге қатысқан сенім артылған үшінші тараптар санымен сипаттауға болады.

4.5.1 Сенім артылған үшінші тараптың қатысуынсыз жүргізілетін сәйкестендіру

Ең қарапайым жағдайда, АІ айырбасы және айырбас верификациясы кезінде мәлімдеуші де верификатор да басқа объектілерді қолданбайды. Бұндай жағдайда, принципиалға арналған тексеру сәйкестендіру ақпаратын верификаторда орнатуы қажет.

Бұндай әдіс ірі масштабты коммуникациялық ортада шектелген күйде және объектілердің көбісінде екі жақты әрекет жөнінде әріптестерінің саны шектелген болса ғана қолданыла алады. Ең нашар жағдайда әр верификатор қауіпсіздік доменінің барлық принципиалдарына арналған тексеру АІ ие болулары қажет, осыған байланысты ақпараттың жалпы көлемі бар объектілердің сандарының екі дәрежесіне тең.(2 суретті қараңыз)



.

2 сурет – Сенім артылған үшінші тарапсыз сәйкестендіру

4.5.2 Сенім артылған үшінші тараптың қатысуымен сәйкестендіру

Тексеру ИА сенім артылған үшінші тараппен өзара қатынасқа түсу нәтижесінде пайда болады. Ол ақпараттың тұтастығы кепілдендірілуі қажет. Сонымен қатар мәлімделген ИА мен тексеру ИА сенім артылған үшінші тарапқа кепілдік ету қажет, егер мәлімдеуші ИА оның негізінде енгізілуі мүмкін.

Сәйкестендіруде бір сенім артылған тарап немесе 5.3. тармақтағы г) қағидасында сенім артылған үшінші тараптардың тізбегі қатыса алады. Қосымша сенім артылған үшінші тараптарды енгізу үлкен объектілердің жиынтығын сәйкестендіру мүмкіндігін береді, сенім артылған әр тарап тек шектелген объект (барлық объектілер туралы емес) сандары туралы ғана ақпаратты қолдайды. Осылайша, ақпараттың жалпы көлемі объектілер санынан желілік түрде өседі.

Мультиобъектік қатынасты объектілер (объектілер арасындағы актив байланыстар саны) өзара қатынастарының талабына сай сипатталуы мүмкін, сонымен қатар сәйкестендіруді басқаруда қандай құзыретке ие екендеріне қарай, мысалы, сәйкестендірілетін ақпаратты жоққа шығаруды ұстау мүмкіндігі.

4.5.2.1 Кірістірілген сәйкестендіру

Кірістірілген сәйкестендіру жағдайында сенім артылған үшінші тарап сәйкестендірулік айырбас кезінде мәлімдеуші мен верификатор арасында делдал қызметін атқарады. Принципиал делдал арқылы сәйкестендіріледі, ол содан кейін оның келесі кірістірілген сәйкестендіру айырбастағы ұқсастығын растайды.

Орнатылған сәйкестендіруде верификатордың делдалға принципиалды дұрыс сәйкестендірілуіне сенім артуын талап етеді, сонымен қатар сәйкестендіру арқылы делдалдың ұқсастығына көзі жетті.

Кей жағдайда сәйкестендірудің бұндай сызбасы сенім артылған делдалдар тізбегіне дейін кеңейтіледі. Жүзеге асырылып жатқан қауіпсіздік стратегиясына байланысты соңғы сенім тізбектегі артылған үшінші тарап делдалдар тізбегінің туралығын тексеруге жауапты.

3 сурет – Орнатылған Сәйкестендіру

4.5.2.2 Оперативті сәйкестендіру

Оперативті сәйкестендіру жағдайында бір немесе бірнеше сенім артылған тараптар сәйкестендірулік айырбастың әр жағдайына қатысады. Алайда орнатылған сәйкестендіруден айырмашылығы оперативті сәйкестендіру жағдайында сенім артылған үшінші тараптар мәлімдеуші мен верификатор арасындағы сәйкестендірулік айырбастың жолында тікелей орналаспаған. Оперативті сәйкестендіру кезінде сенім артылған үшінші тараптарды ИА айырбасын құру үшін және ИА айырбасын тексеруде верификаторға жәрдемдесу үшін сұралуы мүмкін.

Оперативті сенім артылған үшінші тарап оперативті түрде қол жеткізерлік сәйкестендіру сертификаттарды құра алады (6.1.3 тармақты қара).

Оперативті сәйкестендіру верификатор мен сенім артылған үшінші тараптар арасында АІ айырбасын туындауға ат салысатын кезінде сенім артылған үшінші тараптар тізбегі болуы қажет. Бұл тізбек мәлімделген АІ принципиалының дұрыстығын тексеруге қабілетті болулары қажет. Ең қарапайым жағдайда мәлімдеушімен немесе верификатормен тікелей байланыстағы тек бір ғана сенім артылған үшінші тарап қана қажет болады. Бұл жағдай алайда мәлімдеуші немесе верификатормен тікелей немесе жанама әрекет етуші сенім артылған үшінші тараптардың тізбегіне дейін үлкеюі мүмкін.

Сәйкестендіру мүмкіндіктерін жоққа шығару сәйкестендірулік талпыныстарда түбегейлі бақылануы мүмкін.

Оперативті түрде қол жеткізерлік сенім артылған үшінші тараптар сәйкестендіру серверлері мен кілтті тарату орталықтары болып табылады.

4 сурет – Оперативті Сәйкестендіру

Ескертпе – Суреттегі үш түрлі объектілер арасында қолданылатын ИА айырбасы ортақ біреу болуы мүмкін емес.

4.5.2.3 Автономды сәйкестендіру

Автономды сәйкестендіру жойылған сертификаттардың расталған тізімін қолдану қажеттілігімен сипатталады, онымен қатар сертификаттар жарамдылық уақыты немесе шұғыл реакцияны талап етпейтін сәйкестендіру ақпаратты жоюдың басқа жолдары есепке алынады.

Автономды сәйкестендіру жағдайында бір немесе бірнеше сенім артылған үшінші тараптар сәйкестендіруді әр бөлек процесінде оған араласусыз қолдайды.

Автономды сенім артылған үшінші тараптар уақытынан бұрын автономды сәйкестендіру сертификаттарын жасап, таратады, оларды соңынан верификатор сәйкестендірулік айырбас дұрыстығын тексереді. Осылайша, сәйкестендіру процесі автономды түрде қауіпсіздік органының қатысуынсыз жүзеге асырады.

Сенім артылған үшінші тараптарға сәйкестендіру процесінде мәлімдеушімен де верификатормен де тікелей әрекет ету қажеттілігі жоқ болғандықтан, бұл әдіс өзара әрекет санына қатысты тиімдірек болып табылады.

Жою кезінде жарамдылық мерзімі өту, сертификаттарды жаңарту, жойылған сертификаттардың куәландырған тізімі секілді қосымша шаралар көзделуі қажет.



5 сурет – Автономдық сәйкестендіру

Сертификаттарды беру органдары ретіндегі мысалдар 6.1.3. тармақта келтірілген.

4.5.3 Мәлімдеушінің верификаторға сенім артуы

Верификаторға сенім арту қажетті тетіктер егер барлық мүмкін верификаторларға сенім артуға болмайтын болса онда балама болмай шығады. Бұл верификатор ұқсастығының сәйкестендірмегенімен және оған деген сенім деңгейінің белгісіз болуымен байланысты. Мысалы, сәйкестендіру үшін қарапайым парольдерді қолдану кезінде верификатор парольді екінші рет қолдануға сақтамағанына сену қажет.

4.6 Принципиал түрлері

Принципиалдар санаттар бойынша мына түрге бөлінеді:

а) пассив қасиеттерге ие мысалы, сәйкестендіру белгісі, биометрикалық сипаттама;

б) ақпараттық айырбас пен мәліметтер өңдеу құралдарына ие;

в) ақпаратты сақтау мүмкіншілігі бар;

г) бірегей және белгіленген орында орналасқандар.

Принципиалдар бір санаттан көбіне жатқызылуы мүмкін [мысалы, адамдар а), б), с) категориялар талаптарын қанағаттандырулары мүмкін]. Онымен қатар сәйкестендірудің түрлі әдістері қолданылады:

а) пассив сипаттамаларды өлшеу;

б) сұраныс/жауап секілді күрделі процедуралар;

в) құпия ақпаратты еске сақтау (мысалы, пароль);

г) орналасқан жерін анықтау.

4.7 Қолданушы адамдарды сәйкестендіру

Сәйкестендірудің жеке жағдайы болып адам атынан қызмет атқаратын процесс емес адамды сәйкестендіру болып табылады.

Қолданушы адамдар сәйкестендіру әдістері экономикалық жақтан мақсаты бар және сенімді адамдарға қатысты ыңғайлы болып табылады. Ыңғайсыз әдістер қолданушыларды сәйкестендіру процедурасынан аулақ болатын жолдарды іздестіруге түрткі болады, және ол заңсыз ену қатерін ұлғайтады.

Адамдар сәйкестендірілу әдістері 5.3. тармақта көрсетілген қағидаларға негізделген. Қолданушы адамдардың сәйкестендірулері 5.4. тармақта көрсетілген сатыларға негізделген.

А қосымшасы қолданушы адамдар сәйкестендірілуі жайында, олардың атынан қызмет ететін процесстер туралы ақпаратқа ие.

4.8 Сәйкестендіруге шабуыл түрлері

Шабуылдың үш түрі сөз болады:

– *қайта жасау шабуылдары,* ИА айырбасы оқылады, ал соңынан қайта жасалады;

– *«қаскүнемнің» бастаған өткізу шабуылдары;*

– *«қаскүнем» жауаптылар болып табылатын өткізу шабуылдары.*

АІ айырбасын өткізу шабуылдарында жедел береді

4.8.1 Қайта жасау шабуылдары

Қарастыруды қажет ететін қайта жасау шабуылдарының екі жағдайы бар, оған АІ қайта жасау жатады; сол верификаторға; басқа верификаторға жатады.

Соңғы оқиға бір принципиалдың верификаторлық ақпараты бірнеше верификаторларға белгілі болған жағдайда ғана орын алуы мүмкін. Сәтті қайта құру заңсыз кірудің ерекше жағдайы болып табылады.

Қайта жасау шабуылының екі түріне де төтеп беру шақырулар арқылы жүзеге асырылады. Шақыруларды верификаторлар жасайды. Бір шақыруды верификатор екі рет жасамайды. Оған бірнеше жолдар арқылы қол жеткізуге болады. (С қосымшасын қараңыз).

4.8.1.1 Сол верификаторға қайта жасау

Бір верификаторға төтеп беру тек бірегей номерлерді немесе шақыруларды қолдану арқылы ғана мүмкін болады. Бірегей номерлерді мәлімдеуші жасайды. Бір бірегей номер бір верификатормен екі рет қолданылмайды. Оған бірнеше жолдар арқылы қол жеткізуге болады. (В қосымшасын қараңыз).

4.8.1.2 Верификаторға қайта жасау

Басқа верификаторға қайта жасауға шақырулар арқылы төтеп беруге болады. Бұдан басқа бұл шабуыл түріне AI айырбасы кезінде верификаторға бірегей болып табылатын есептеу кезіндегі кез келген параметрді қолдану арқылы қарсы тұруға болады. Бұндай сипатқа верификатор аты немесе оның тораптық аты болады, жалпы жағдайда верификаторға бірегей болып табылатын кез келген белгіні тексеру сәйкестендіру ақпараты қолданады.

4.8.2 Өткізу шабуылдары

5.8.2.1 Қаскүнемдер бастаған өткізу шабуылдары

Шабуылдың бұл түрінде «қаскүнемдер» сәйкестендіру бастамашысы болып табылады. Бұл шабуыл тек егер мәлімдеуші мен верификатор сәйкестендіруді бастай алса ғана мүмкін болады. Шабуыл жасау процесінде мәлімдеуші мен верификатор ол туралы білместен «қаскүнем» арқылы аутентификациялық ақпарат айырбасын жүзеге асырады, яғни «қаскүнем» мәлімдеуші алдында верификатор, ал верификатор алдында мәлімдеуші болып алдайды.

Мысалы, С «қаскүнем» В верификаторы алдында А мәлімдеуші болғансыса, С әсерін А мен В-дан бастайды. С А-ға В-мын деп хабарлайды, А В-ға қатысты сәйкестендіруді сұрайды, сонымен қатар В-ға А-мын деп айтып өзін сәйкестендірілуін сұрайды.

4.8.2. Қайта бағыттау шабуылдар

4.8.2.2 Қаскүнем жауап беретін өткізу шабуылдары

Шабуылдың бұл түрінде «қаскүнем» Сәйкестендірулік айырбасқа тікелей қатысады, Сәйкестендірулік ақпаратты қамтып, өзі бастамашы рөліне енеді. Шабуылдың бұл түрі «қаскүнемді» байқаусызда жауапты ретінде қабылданып немесе жүйелік түрде жауапты ретінде әрекет ету (мысалы, ресурстарды орналастыру орталық кестесі) шабуылға жағымды жағдайлардың тууына ғана байланысты.

Аталған шабуыл түріне төтеп беру және ары қарай мәліметтерді айырбастау мақсатында қосымша қызметтерді (мәліметтер тұтастығы немесе қауіпсіздік) қолдануды талап етеді. AI айырбасы басқаша ақпаратпен біріктіріледі егер мәлімдеуші мен верификатор Сәйкестендірудің заңды қатысушылары болса кілттер жасау мүмкіндігін береді. Бұл кілттер соңынан криптографиялық тетіктерде тұтастық пен қауіпсіздік бақылауы үшін қолданылады.

Бұл шабуылға қарсы тұруға мәліметтер беру торабында мәліметтерді ұстап қалу мүмкіндігі болмаған жағдайда пайда болады, яғни мәліметтер үнемі өзгертілмейтін дұрыс мекен жайға жіберіледі. Бұл жағдайда AI айырбасына (яғни тораптық мекен жайды қол ретінде қолдану) тораптық мекен жайды енгізу арқылы төтеп беруге болады



6 сурет – Бұзушының бастаған қайта бағытталған шабуылы

Сәйкестендіру барысында А В-ға қатысты мәліметші ретінде әрекет етеді, (шын мәнінде В рөлінде С ойнайды) сондықтан С В-ға қатысты сәйкестендіру мақсатында қолданатын ақпаратты алады. В верификатор рөлін орындайды сондай ақ С ақпаратын береді, оны соңғысы верификатор ролін ойнауға қажет етеді. Сәйкестендіруден кейін «қаскүнем» С В алдында сәйкестендірілген А секілді көрінеді.

Аталған шабуыл түріне қарсы тұру әдістері түрлі верификаторларға арналған қайта жасаудан сақталады:

а) Сәйкестендіруді бастаған объект үнемі мәлімдеуші болады (аталатын жадай, екі жақты сәйкестендіру кезінде мүмкін емес болады) немесе;

б) айырбас кезінде қолданылатын және оны мәлімдеуші берген аутентификациялық сұраныс бастамашысы немесе сәйкестендіру шақыруына жауапты ретіндегі рөліне байланысты болады. Бұл айырмашылық верификаторға жоғарыда қарастырылған шабуыл түрін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл Г қосымшасында толығырақ көрсетілген.

4.8.2.2 «Қаскүнем» жауап беретін өткізу шабуылдары

Шабуылдың бұл түрінде «қаскүнем» сәйкестендірулік айырбасқа тікелей қатысады, сәйкестендір ақпаратты қамтып, өзі бастамашы рөліне енеді. Шабуылдың бұл түрі «қаскүнемді» байқаусызда жауапты ретінде қабылданып немесе жүйелік түрде жауапты ретінде әрекет ету (мысалы, ресурстарды орналастыру орталық кестесі) шабуылға жағымды жағдайлардың тууына ғана байланысты.

Аталған шабуыл түріне төтеп беру және ары қарай мәліметтерді айырбастау мақсатында қосымша қызметтерді (мәліметтер тұтастығы немесе қауіпсіздік) қолдануды талап етеді. АІ айырбасы басқаша ақпаратпен біріктіріледі егер мәлімдеуші мен верификатор сәйкестендірудің заңды қатысушылары болса кілттер жасау мүмкіндігін береді. Бұл кілттер соңынан криптографиялық тетіктерде тұтастық пен қауіпсіздік бақылауы үшін қолданылады.

Бұл шабуылға қарсы тұруға мәліметтер беру торабында мәліметтерді ұстап қалу мүмкіндігі болмаған жағдайда пайда болады, яғни мәліметтер үнемі өзгертілмейтін дұрыс мекен жайға жіберіледі. Бұл жағдайда АІ айырбасына (яғни тораптық мекен жайды қол ретінде қолдану) тораптық мекен жайды енгізу арқылы төтеп беруге болады.



7 сурет – Бұзақылық жасаушы қайта бағытталған шабуылдар үшін жауапты

Ескертпелер

1 «қаскүнем» бастаған шабуылдарға жауап ретінде 5.8.2.1 тармағындағы а) немесе б) әдістерін қолдану арқылы контршаралар қолданса да, Сәйкестендіру әдісі «қаскүнем» жауабы кезінде Сәйкестендіру әдісі әлсіз болып табылады.

2 X(Y) жазуы X өзін Y деп танытатынды білдіреді.

5 Сәйкестендіру ақпараты мен құралдары

5.1 Сәйкестендіру ақпараты

5.1.1 Мәлімденген сәйкестендіру ақпараты

Мәлімделген ИА–принципиал сәйкестендірілуіне қажетті АІ айырбасының пайда болуына түрткі болады.

Мәлімделген сәйкестендіру ақпараттар мысалы:

а) **пароль;**

б) **құпия кілт**. *Бұл құрал симметриялық алгоритмді қолданатын*

сәйкестендірулік тетіктерді қолдануға қажетті;

в*)* **жабық кілт.** *Бұл құрал асимметриялық алгоритмді қолданатын сәйкестендірулік тетіктерді қолдануға қажетті;*

5.1.2 Тексерілетін сәйкестендіру ақпараты

Тексерілетін ИА - ИА айырбасы көмегімен мәлімденген ұқсастықты тексеруге қолданылатын ақпарат болып табылады.

Тексерілетін сәйкестендіру ақпаратының мысалдары:

а) **Пароль** принципиал ұқсастығымен байланысты;

б*)* **Құпия кілт** принципиал ұқсастығымен немесе қауіпсіздік органы симметриялық алгоритмдер қолданатын Сәйкестендірулік тетіктеріне арналған.;

в**) ашық кілт,** принципиал ұқсастығымен немесе қауіпсіздік органы асимметриялық алгоритмдер қолданатын Сәйкестендірулік тетіктеріне арналған.;

Тексеру ИА сәйкестендіру кестесі және/немесе автономды сәйкестендіру сертификаты ретінде көрсетілген (6.1.4.2 тармағын қара).

Сәйкестендірулік қасиет верификаторға тікелей қол жеткізерлік объектілер кешені болып табылады. Кестеге қол жеткізуге қолданатын әдіс тұтастық қорғанысын және симметриялық алгоритмдерге қосымша қауіпсіздік қорғанысын қамтамасыз ету қажет.

Сәйкестендіру кестеге кіруге болатын элементтер мысалдары:

– Принципиал ұқсастығы;

– Тексеру ИА, мысалы, пароль, құпия немесе жалпы кілт; кестеге ену жарамдылық мерзімі;

– Кестеге кіруге қолданылатын қауіпсіздік стратегиясы, кестеге кіруге жауапты қауіпсіздік органы;

5.1.3 Айырбас кезінде қолданылатын сәйкестендіру ақпараты

ИА айырбасы –принципиал сәйкестендірілуі кезінде мәлімдеуші мен верификатор арасында айырбасталатын ақпарат.

ИА айырбас мысалдары:

– мәлімденген бірегей идентификаторы;

– пароль;

– шақыру;

– шақыру жауабы;

– бірегей номері;

– тексеру бірегей сәйкестендіргіші;

– мәлімденген ИА мен басқа мәліметтерге (яғни уақытша белгіге, кездейсоқ санға, есепшіге, шақыруға, верификатор атына, сандық идентификациялық белгіге, мәлімдеуші атына) айналу қызметін қолдану

нәтижесі: түрлену қызметтерінің мысалдары болып біржақты түрлену қызметтері, шарттанудың симметриялық қызметтері бола алады;

– оперативті түрде қол жеткізерлік сәйкестендіру сертификаты;

– автономды сәйкестендіру сертификаты.

ИА айырбасының бөлігі немесе толығымен бір ретте берілетін қауіпсіздік белгісі нысанында болады.

5.1.4 Сәйкестендіру сертификаты

Сәйкестендірілетін ақпараттың қарапайым нысаны сәйкестендіру сертификаты болады. Сәйкестендіру сертификаты сенім сенімді қауіпсіздік органы куәландырған және сәйкестендіру кезінде қолданылатын ақпарат.

Сәйкестендіру сертификаттардың түрлі типтері:

– оперативті түрде қол жеткізерлік сәйкестендіру сертификаты;

– автономды сәйкестендіру сертификаты;

– сәйкестендіруді жою сертификаты;

– жойылған сәйкестендіру сертификаттарының тізімі.

Автономды сәйкестендіру сертификаттары (6.1.4.2 тармағын қара) жалпы кілтпен біріктірілген ИА тексеруіне қатысты қолданылады. Автономды сәйкестендіру сертификатын жою сертификаты немесе жойылған сертификаттар тізімі көмегімен жойылуы мүмкін.

Төменде кез келген сәйкестендіру сертификат құрамында болатын элементтермен мысалдар келтірілген:

– Криптографиялық бақылау белгісін жасау мақсатында қолданылатын әдіс және/немесе кілтті анықтау.

– Сертификат берген сәйкестендіру органы және/немесе агентінің ұқсастығы (орган бірнеше агенттермен өкілдік еткен кезде агент ұқсастығы агенттік қай кілті қолданғандығын анықтау мүмкіндігін береді).

– Сәйкестендіру сертификатын жасау уақыты (құру уақыты тексеру үшін қолданылады, сонымен қатар сәйкестендіру сертификаттың жарамдылық уақыты көрсетілмеген жағдайда және қауіпсіздік стратегиясына сәйкес өте ескі сертификаттар қайтарылып берілуі мүмкін.

– Сәйкестендіру сертификаттың (жарамдылық уақыты алушыға қауіпсіздік стратегиясы оны жасауға мүмкіндік бергенде қолданылады, басқаша жағдайда сертификаттың жарамдылық мерзімінің өтуі алушының қауіпсіздік стратегиясын жасау уақытына негізделеді) жарамдылық уақыты (сертификат жарамдылық мерзімінен бұрын да, соңынан да қолданыла алмайды)

– Сәйкестендіру сертификатпен бірге қолданатын қауіпсіздік стратегиясы.

– Аталған әкімшілік агентіне бірегей болып табылатын сертификаттың сілтеме нөмірі.

– Сертификат түрі.

– Сәйкестендіру сертификаты арналып жасалған верификатордың ұқсастығы немесе белгілері (объектілер көрсетілген егер бар болса көрсетілген мағыналарды тексере алады және мәліметі дұрыс емес сертификаттарды жоққа шығара алады. Ұқсастық/белгілер, мысалы, қолданушы адамның аттары, процесстердің және/немесе физикалық машиналар сәйкестендіргіш аттары бола алады).

Түрлі сәйкестендіру сертификаттарға қосымша элементтері түрлі қосалқы класстарға жатқызылады. Арнайы стандарттарда қандай элементтер міндетті, қандай міндетті емес болып табылатындығы көрсетілген пішіндер берілуі мүмкін.

5.1.4.1 Шұғыл түрде қол жеткізерлік сәйкестендіру сертификаттары

Шұғыл түрде қол жеткізерлік сәйкестендіру сертификаттар мәлімдеушінің сұранысы бойынша сенім артылған үшінші тарап арқылы жасалады. Оперативті түрде қол жеткізерлік сәйкестендіру сертификаты әдетте верификаторға ИА айырбасының бөлігі ретінде беріледі.

Төменде сәйкестендіру сертификатында орын алуы мүмкін қосымша элементтер мысалдары келтірілген:

– Принципиалдың бірегей сәйкестендіргіші.

– Мәліметтердің шығу тегінің сәйкестендірілуі қолданған кездегі сандық сәйкестендіру белгі.

– Кілтпен қоса қолдануға қажетті алгоритмді көрсету арқылы сәйкестендіруді жүзеге асыру үшін принципиалға берілген симметриялық кілт. Бұл жағдайда ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету қажет.

– Аталған сәйкестендіру сертификатын алуға қолданылатын балама әдіс.

– Сәйкестендіру сертификаты бірге қолданылатын сәйкестендіру әдістер (тер).

– Өткізу кезінде сәйкестендіру сертификатын қорғау мақсатында қолданылатын әдісті көрсету, сонымен қатар осындай қорғанысты қамтамасыз етуге қажетті әдістермен байланысты параметрлер жиынтығы. (Бұндай параметрлердің мысалдары болып шақыру, бірегей номер және қорғаныс кілті бола алады).

5.1.4.2 Автономды сәйкестендіру сертификаты

Автономды сәйкестендіру сертификаты нысанды криптографиялық кілтпен байланыстырады**.**

Сертификатты орган жасайды, және бұл жерде мәлімдеуші мен верификатордың осы органмен тікелей өзара қатынасқа түсуінің қажеттілігі жоқ. Автономды сертификаттар әдетте ассиметриялық алгоритмдерді қолданатын сәйкестендіру тетіктермен қолданылады. Сәйкестендіру

сертификаты айырбас кезінде қолданылатын сәйкестендіру ақпаратының бөлігі ретінде верификаторға беріледі.

Төменде автономды сәйкестендіру сертификаты құрамында болатын элементтер мысалдары келтірілген:

– Принципиалдың бірегей сәйкестендіргіш;

– принципиалға сәйкестендіру органы берген жалпы кілт және жалпы кілтпен қолданылатын алгоритмді көрсеткен.

Автономды сәйкестендіру сертификатын жою сертификаты немесе жойылған сертификаттар тізімі көмегімен уақытынан ерте тоқтатуға болады.

5.1.4.3 Жою сертификаттары

Жою сертификаттары қауіпсіздік органдарының осы сәйкестендіру сертификатының жойылғанын білдіру мақсатында берген қауіпсіздік сертификаты болып табылады. Ақпарат сақталып, аталған сәйкестендіру сертификаты жарамды екенін анықтау мақсатында қолданылады.

Төменде жою сертификатында жою сертификатының құрамында болуы мүмкін қосымша элементтер мысалдары көрсетілген:

– принципиал, принципиалдар тобы немесе уәкілеттінің сәйкестендіргіш деректері;

– автономды сәйкестендіру сертификаты шақырылған күн мен уақыты;

– жойылған сертификаттың сілтеме нөмірі.

5.1.4.4 Жойылған сертификаттар тізімі

Жойылған сертификаттар тізімі дегеніміз аталған қауіпсіздік органдары жойған куәландырған сертификаттар тізімі, уақыты мен күні көрсетілген тізім. Бұл ақпарат сақталады және қолдағы бар сертификаттарға қатысты, сонымен қатар сәйкестендіру сертификатының жарамдылығын анықтайды. Жойылған сертификаттар тізімі мыналарды қамтуы мүмкін:

– жою сертификаттары;

– жою сертификаттарының сілтемелік идентификаторы;

– сәйкестендіру сертификаттарын жою;

– жойылған сертификаттардың сілтеме идентификаторлары;

– тізімнің шығарылған күні;

– келесі тізімнің шығарылған күні.

5.1.4.5 Сертификаттар тізбектері

Сәйкестендіру сертификаттары мәліметтердің шығу тегін үшінші тараптан сәйкестендірілуін қамтамасыз ететіндей болып қорғалған.

Егер верификатордың сертификаттың шығу тегін тексеру үшін тексеретін АІ болмаса, сертификаттар тізбектері қолданылуы мүмкін. Басқа қауіпсіздік органынан алынған бірінші сертификат тексеруші ИА-ны растау мақсатында қолданылған.

Сертификаттар тізбегі рекурсивті түрде қолданылулары мүмкін, осы сертификаттың тексеруші сәйкестендіру ақпаратын алдыңғы сертификат шығу тегін растау үшін қолданылуы мүмкін. Тізбек верификатордан мәлімдеушіге дейін сертификаттық кезекті қамтамасыз етеді. Верификатор тізбектегі әр сертификаттың ішіндегі немесе сенім артылған үшінші тараптардан алынатын ақпарат негізінде оларға сену немесе сенбеу туралы өздігімен шешім қабылдауы қажет.

5.2 Құралдар

Осы бөлімде ортақтастырылған құралдар терминдеріндегі сәйкестендірудің жалпы моделі қарастырылады.

5.2.1 Сәйкестендіру жағдайы туралы ақпарат

Сәйкестендіру жағдайы туралы ақпарат сәйкестендіру қызметтерін шақырулары арасында сақталған сәйкестендіру жағдайы болып табылады. Сәйкестендіру жағдайы туралы ақпарат өзіне мыналарды қамти алады:

– сеанстық криптографиялық кілттері;

– хабарлама реттік номерлері.

Сәйкестендіру жағдайы туралы ақпарат қорғалған күйде сақталуы қажет. Ол ақпарат осы қызметтердің провайдерлері арқылы сақталады.

5.2.2 Басқаруға қатысты қызметтер

Басқаруға қатысты сәйкестендіру құралдары сипаттама ақпарат жиынтығын, парольдерді, сәйкестендіруді орындау талап етілетін объектілерге арналған кілттерді (кілттерді басқаруды қолданғанда) қамтулары мүмкін. Бұл құралдар сәйкестендірілетін нысандар арасында және басқа сәйкестендірілетін ақпарат араларындағы өзара әрекет хаттамаларын қамтуы мүмкін. Сәйкестендіруді басқару сонымен қатар сәйкестендіру ақпаратын жоюды да қамтуы мүмкін.

5.2.2.1 Орнату

Орнату құралдары мәлімдеуші ИА мен тексеруші ИА іске қосады. Бұл құрал тіркеу, дұрыстықты тексеру, растау құралдары көмегімен толығымен сипатталуы мүмкін.

5.2.2.1.1 Тіркеу

Тіркеу құралдары қауіпсіздік органына принципиалмен байланысты бірқатар тексеру ИА жазуға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат құрамында принципиал немесе қауіпсіздік органы беретін бірегей идентификатор бар. Бұл құрал принципиал, басқа объект немесе қауіпсіздік органы арқылы іске қосылады (тіркеу қауіпсіздік органы принципиалдан тіркеу дұрыстығын қолдау кепілдігін талап етуі мүмкін.) бұл кезде принципиал қауіпсіздік доменіне кіру кандидаты болып табылады, бірақ әлі қауіпсіздік доменінің

мүшесі болып тағайындалмаған. Осы уақытта сәйкестендіру ақпаратының айырбасы мүмкін емес.

5.2.2.1.2 Бекіту

Дұрыстықты бекіту құралы қауіпсіздік органы атынан орындалады және принципиалды қауіпсіздік доменіне енгізеді.

Принципиалмен байланысты тексерулік ИА дұрыстығын тексеру қауіпсіздік органы мен басқа объектілер арасында өзара қатынасты талап ету мүмкін, оны OSI құралдары арқылы жүзеге асыру міндетті емес.

5.2.2.1.3 Растау

Растау құралы дұрыстығын тексеру құралы соңынан іске қосылады. Ол принципиал мен басқа объектілерге арнайы ақпаратты қайтарады. Қайтарылған ақпараттың ең қарапайым түрі орнатуды растау немесе одан бас тарту болып табылады. Ақпараттың басқа түрлеріне мыналар жатады:

– автономды сәйкестендіру сертификаты;

– қабылданған бірегей идентификатор;

– мәлімделген ИА.

Растау негізінде принципиал сәйкестендірілуі мүмкін.

5.2.2.2 ИА өзгерту

ИА өзгерту құралы принципиал немесе әкімгер атынан іске қосылады және сәйкестендіру ақпаратын өзгертуді шақыруды талап етеді .

5.2.2.3 Тарату

Тарату құралы кез келген объектіге жеткілікті тексеру АІ алу мүмкіндігін береді, оның негізінде АІ айырбасын тексеруге болады.

5.2.2.4 Блоктау

Қауіпсіздік органы атынан шақырылатын *блоктау* құралы принципиалдың уақытша сәйкестендіріле алмау жайын анықтайды.

5.2.2.5 Жаңарту

Қауіпсіздік органы атынан шақырылатын *жаңарту* құралы блоктау құралы орнатқан жағдайын тоқтатады.

5.2.2.6 Деинсталляция

Деинсталляция құралы принципиалды көптеген сәйкестендірулік принципиалдар арасынан жою шартын құрайды. Бұл құрал заңды күшін жою, хабарлау, тіркеуден шығару құралдары көмегімен толық түсіндірілуіне болады.

5.2.2.6.1 Заңды күшін жою

Заңды күшін жою құралы қауіпсіздік органы әрекеті болып табылады, ол тексеру сәйкестендіру ақпаратын және/немесе принципиалмен байланысты жағдайды өзгерту туралы ақпаратты жою болып табылады.

Заңды күшін жою құралы принципиал сәйкестендірілуінің алдын алады.

5.2.2.6.2 Хабарлау

Хабарлау құралы қауіпсіздік органы арқылы заңды күшін жою құралынан кейін іске қосылады. Ол принципиалды оның жарамсыздығы туралы хабарлайды және қайтадан қалай тіркелу туралы хабарлайды.

5.2.2.6.3 Тіркеуден шығару

Тіркеуден шығару құралы принципиалды қауіпсіздік доменінен шығаруды көздейді. Ол принципиал идентификаторын және онымен байланысты тексеру ИА жоюға байланысты. Құралы қауіпсіздік органы арқылы іске қосылады.

5.2.3 Операцияларды жүргізуге қатысты құралдар

5.2.3.1 Жинау

Сұраныс құралы мәлімдеуші мен верификаторға арнайы ИА айырбасын туындауға қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Ол үшін сенім артылған үшінші тараппен (мысалы, сәйкестендіру сервері) өзара әрекет ету талар етілуі мүмкін. Кіру мәліметтерінің мүмкін түрлері:

– сәйкестендірудің айырбас түрі;
– принципиалдың бірегей идентификаторы;
– верификатор ұқсастығы;
– мәлімделген ИА түрі (мысалы, кілт, пароль);
– мәлімделген ИА (пароль мағынасы);
– ИА айырбасының түрі;
– негіздеме (жарамдылық мерзімінің басы/аяғы).

Кіріс мәліметтерінің мүмкін түрлері:

– жағдайы (сәттілік немесе сәтсіздік);
– ИА айырбасын туындауға қажетті ақпараттар.

5.2.3.2 Туындау құралдары

Туындау құралын мәлімдеуші ИА айырбасын туындау және/немесе алынған ИА айырбасын өңдеу мақсатында мәлімдеуші арқылы іске қосылады.

– Төменде мүмкін болатын кіріс мәліметтері көрсетілген;
– Принципиалдың бірегей идентификаторы;
– ИА айырбасын сұраныс құралының кіріс мәліметтері секілді туындау мақсатында қажет ақпарат;
– Сәйкестендіру жағдайы туралы сақталған ақпаратқа сілтеме;
– Верификатордан алынған ИА айырбасы;
– ИА айырбасының түрлері;
– верификатор ұқсастығы;
– мәлімделген ИА.

Шығыс мәліметтерінің мүмкін түрлері:

– күйі (сәттілік немесе сәтсіздік);

– сәйкестендіру жағдайы туралы сақталған ақпаратқа сілтеме;

– верификаторға өткізу үшін ИА айырбасы.

Сәйкестендірулік айырбас түрі сәйкестендірулік айырбас туындау құралдарын шақырған кезде кіріс мәліметі ретінде берілуі мүмкін, онда мәліметші сәйкестендіру бастамашысы болып әрекет етеді.

Сол шақыруда шығыс мәліметтері ретінде сәйкестендіру күйі туралы сақталған ақпарат сілтемесі қайтып оралады. Сол сәйкестендірулік айырбасқа қатысты туындау құрал үшін келесі шақыруларда аталған кіру шығу мәліметтердің болмауы да мүмкін, бірақ Сәйкестендіру жағдайы туралы сақталған ақпаратқа сілтеме кіру мәліметі ретінде қолданылады.

«Айырбас жалғастыруы талап етуі мүмкін» нәтижесі қайтарылған болса, мәлімдеуші басқа объектінің АІ айырбасын алғаннан соң туындау құралын шақыру қажет. Бұл процесс сәтті не сәтсіз болып аяқтамайынша мәлімдеушіден осындай операциялардың бірнешеуін орындау талап етілуі мүмкін (яғни Сәйкестендіру жағдайы мен қабылданған АІ айырбасы туралы алдағы ақпаратпен қатар туындау құралдарының шақырулары). Осылайша қолданушы-қатысушылармен сұраныс жауапты, арнайы «нөлдік білімді» талап ететін сызбаларда қолданылатын айырбастарды қоса туындау құралы барлық сызбаларға бейімделген.

5.2.3.3 Тексеру құралы

Верификатор мәлімдеушіден алған АІ айырбасын тексеру мен/немесе мәлімдеушіге беру үшін АІ айырбасын туындау мақсатында тексеру құралын іске қосады.

Төменде кіру мәліметтерінің мүмкін түрлері келтірілген:

– сәйкестендірудің айырбас түрі;

– сұраныс құралының шығу ақпаратының негізінде ИА айырбасын туындау мақсатында талап етілетін ақпарат;

– сәйкестендіру жағдайы туралы ақпаратқа сілтеме;

– мәлімдеушіден алынған айырбас ИА; тексеру ИА.

Шығыс мәліметтерінің мүмкін түрлері:

– күйі (сәттілік, қосымша ақпарат қажет, сәтсіздік) ;

– сәйкестендіру жағдайы туралы сақталған ақпаратқа сілтеме;

– ИА айырбасы («қосымша ақпаратты жөнелту талап етіледі» жағдайында);

– принципиалдың бірегей идентификаторы («сәттілік» жағдайында);

– негіздеме (жарамдылық мерзімінің басталу/аяқталу сәті);

– жалпы сәйкестендіру белгісі;

Сәйкестендірулік айырбас түрі сәйкестендірулік айырбас туындау құралдарын шақырған кезде кіріс мәліметі ретінде берілуі мүмкін, онда мәліметші сәйкестендіру бастамашысы болып әрекет етеді.

Осы іске қосылған күйінде сәйкестендіру күйі туралы ақпаратқа сақталған сілтеме шығу мәліметі ретінде қайтарылады. Сол сәйкестендірулік айырбас үшін тексеру құралдарын келесі жолы іске қосқан кезде аталған кіріс және шығыс ақпараттардың болуы міндетті емес, алайда сәйкестендіру жағдайы туралы ақпаратқа сақталған сілтеме кіріс мәліметі ретінде қолданыла алады.

Сәйкестендірулік ақпарат күйі жайлы ақпарат құралдың ішінде келесі қолданғанға дейін және сәттілік пен сәтсіздік қайтып оралғанға дейін сақталады.

Егер сәттілік жағдайы қайтып келсе, сондай ақ принципиалдың сәйкестендірілген ұқсастығы оралады.

5.2.3.4 Туындау және тексеру құралдары

Екі жақты сәйкестендіру жағдайында туындау және тексеру құралдары бір құралға біріктірілуіне болады. Біріктірілген құралдың кіру және шығыс мәліметтері осы екі құралдардың ұқсас мәліметтерінің бірігуі болып табылады.

Ескертпе – Туындау және тексеру құралдары мәліметтерді өткізбейді. Мәліметтерді өткізу сәйкестендіру жүзеге асырылып жатқан ортаға байланысты. осы таралу аясынан кірмейді.

5.2.3.5 Ақпараттық ағымдар мысалы

8 суретте сәйкестендіруді өткізуге қолданылатын сұраныс, туындау және тексеру құралдарын іске қосумен байланысты ақпараттық ағымдар мысалы келтірілген (бұл жерде қолданбалы процесс ретінде қарастырылады).



8 -сурет– Қолданумен байланысты сервистердегі ақпараттар ағымының мысалдары

Ескертпе – Бұл мысалда *жинау сервисінің* мәлімдеуші арқылы да, верификатор арқылы да іске қосылатындығы көрсетілген. Тәжірибеде ол осы объектілерінің бірімен ғана немесе ешбірімен іске қосылмайтынды. *Туындау және тексеру* құралдарының арасында ақпараттық ағымдарының орын алғандығына байланысты, ол қызметтің бірде біреуі де коммуникациялық примитивтерді іске қоспайды.

6. Сәйкестендіру тетіктерінің сипаттамасы

Осы стандарттың таралу аясындағы сәйкестендіру тетіктері 5.3. тармақта көрсетілген а), г) және д) қағидаларына негізделген. г) қағидасы 5.5.2. тармақта көрсетілгендей сенім артылған үшінші тараптың болуын көздейді 5.5.2, алайда ол тетіктер нәтижесінде а) және д) қағидаларына негізделеді. Басқаша айтқанда, ашық жүйелерде жойылған Сәйкестендіру принципиалды көп жағдайларда а) қағидасына негізделген, және ол кілт немесе пароль түріндегі құпия түрлерді қолдануды көздейді.

6.1 Симметрия/ассимметрия

Сәйкестендіру принципиалы көп жағдайларда а) қағидасына негізделген, және ол кілт немесе пароль түріндегі құпия түрлерді қолдануды

көздейді. Сәйкестендіру осы аталған құпия түрлерді білуді көрсетеді. Демонстрация әдістерін мейлінше жалпы екі санатқа бөліп тастауға болады:

– *симметриялық,* ол кезде екі объекті де бірігіп сәйкестендіру ақпаратын қолданады;

– *асимметриялық кезде* сәйкестендіру ақпараты толығымен екі объектімен қолданылмайды.

Төменде симметриялық сәйкестендіру мысалдары келтірілген:

– симметриялық кілт арқылы шарттау әдісі арқылы шартталады;

– ассиметриялық сәйкестендіру әдістерін қолдану мысалдары;

– шарттаудың ассиметриялық әдістерін қолданатын әдістер;

– ақпараттың бөлігін ашу қажетінсіз ақпараттың бар екенін тексеру мүмкіндігі бар әдістер.

6.2 Криптографиялық/криптографиялық емес технологияларды пайдалану

Сәйкестендіру объектілеріне белгілі мағыналарға негізделген сәйкестендіру тетіктері (4.3 тармақшаны қараңыз) сәйкестендіру ақпаратын қорғау үшін криптографиялық алгоритмдерді қолданумен қосымша сипатталады. Тұтастықты, кей жағдайларда сәйкестендіру ақпаратының құпиялығын қамтамасыз ету үшін шарттаудың симметриялық, ассиметриялық және гибридтік технологиялары қолдануы мүмкін.

Криптографияны қолданбайтын технологиялар парольдер мен сұраныс – жауап кестелерін қолдануды көздейді. Криптографиялық технологиялар өткізу кезінде парольдерді қорғау үшін шарттауды қолдануды көздейді.

6.3 Сәйкестендіру түрлері

Сәйкестендіру екі объектінің орын алуын көздейді. Бір жақта сәйкестендіру кезінде бір объект мәлімдеуші, ал екіншісі верификатор ретінде қолданылады.

Екі жақты сәйкестендіру кезінде объектінің әрқайсысы бір уақытта мәлімдеуші мен верификатор ретінде әрекет етеді. Екі жақты сәйкестендіру бір немесе екі бағыттағы түрлі сәйкестендіру тетіктерін қолдану кезінде алынуы мүмкін.

6.3.1 Бір жақты сәйкестендіру

Бір жақты сәйкестендіру мыналар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

– жалғыз сәйкестендіру ақпаратын өткізу, мысалы, бірегей номерлерді қолданғанда;

– шақыруды қолданғанда сәйкестендіру ақпаратын үш мәрте қолдану;

– сәйкестендіру ақпаратын үштен көп рет өткізілген кезде;

– бұл жағдай «нөлдік білімді» талап ететін сызбаларды қолданатын арнайы тетіктерді қолдануға жатады;

Жоғарыда көрсетілген жағдайларды қарастыру мәлімдеушінің сәйкестендіру бастамашысы болып табылатындығын жобалайды. Егер верификатор сәйкестендіру бастамашы болса, онда өткізу саны басқа болады; толығырақ 7.2.тармақта көрсетілген.

6.3.2 Екі жақты сәйкестендіру

Екі жақты сәйкестендіру міндетті түрде мәліметтер өткізу санын, бір сәйкестендіру тетігін екі бағытта қолдануды да екі еселенгенін білдірмейді.

Біржақты ақпаратқа арналған сәйкестендіру ақпараты үш өткізуін қолданатын сәйкестендіру ақпараты үшін, екі жақты сәйкестендіру үшін қосымша айырбастар талап етілмейді; шақыру сұранысы верификатор қолданатын (мәліметші ретінде әрекет ететін) басқа шақыруды жіберумен біріктірілуі мүмкін.

6.3.3 Сәйкестендіруді растау

Кейбір жағдайларда объект сәйкестендіруден өткені немесе сәйкестендіруден өтпегені туралы хабарлауы маңызды болып табылады. Хабарлама үшін шынайылық кепілдендірілуі қажет немесе ол шынайылыққа кепілдіксіз қарапайым «иә» немесе «жоқ» болуы мүмкін. Ол ақпараттың қосымша айырбасын талап етеді.

7 Сәйкестендіру тетіктері

7.1 Осалдық бойынша жіктеу

Сәйкестендіру тетіктері өздігінен шабуылдарға осал болулары мүмкін, ол өз кезегінде қолдануды шектейді. (5.8 тармақты қараңыз).

Сәйкестендіру тетіктері қосалқы клас мәліметтер өткізу сатысында сәйкестендіруді қолдау үшін қолданылады, өз кезегінде олар төтеп бере алатын қатерлерге қатысты жіктеледі. Барлық қарастырылған сәйкестендіру тетіктері «белгілі маңыз» қағидасына негізделген [5.3 а) тармағын қараңыз]. Барлық қарастырылған тетіктер объектілер сәйкестендірілуіне қатысты қолданылады, ал кейбірі мәліметтердің шығу тегін сәйкестендіруге де қатысты қолданылады, мысалы, сәйкестендіру айырбас кезінде мәліметтерге сандық идентификациялық белгілер жасау:

сәйкестендіру тетіктерінің келесі түрлері белгіленді:

– 0 сынып. Қорғалмаған.

– 1. сынып. Ашылудан қорғалған

– 2. сынып. Ашылудан және түрлі верификатор арқылы қайта жаңғыртудан қорғалған.

– 3. сынып. Ашылудан және сол верификатор арқылы қайта жаңғыртудан қорғалған.

– 4. сынып. Ашылудан, сол және түрлі верификатор арқылы қайта жаңғыртудан қорғалған.

Ескертпе – 1—4 сыныптарда «ашылудан қорғау» дегеніміз мақсатты сәйкестендіру ақпаратын ашылудан сақтайды.

Қажет болған жағдайда қосымша сыныптар анықталуы мүмкін. Осылайша кейбір тетіктер сыныптары үшін қосалқы кластар анықталуы мүмкін. Қосалқы кластардың толық болуы міндетті емес.

Әр сынып тетігі үшін АІ айырбасы диаграммада көрсетілген.

Шарттау қызметі туындау құралы бөлігі ретінде қолданған кезде, мәлімделген сәйкестендіру ақпараты басқа да ақпаратпен бірге кілтті құрау мақсатында қолданылады.

Төменде сәйкестендірулік айырбастар мәлімдеуші көзқарасынан сипатталады және әрқашан мәлімдеуші арқылы басталады. Верификатор бастайтын айырбастар 8.2. тармақта көрсетілген. Қарастырылған айырбастар бір жақты сәйкестендіруге қосымша бола алады. Екі жақты сәйкестендіру кезінде қолданылатын айырбастар қатысты 8.4. тармақты қараңыз. Кей жағдайларда сәйкестендірудің сәтті немесе сәтсіз болу дерегі туралы хабарлама алу өте қажет. Ол бұл бөлімде сипатталмаған. Осы бөлімге қатысты құралдар 6.2. тармақта сипатталған.

Диаграммаларда екі төрт бұрыш жақша түріндегі [] нотация өткізілген ақпараттың тек арнайы жағдайларда қамтылатын міндетті емес құрамбірліктері үшін қолданылады.

Міндетті емес құрамбірлік [сандық баламалау белгі] мәліметтердің шығу тегін сәйкестендіру кезінде ғана болады, басқа жағдайларда болмайды. Сандық сәйкестендіру белгі ассиметриялық алгоритм шарттау көмегімен құрылуы мүмкін, немесе мәліметті қарапайым шарттау, криптографиялық бақылау мағыналы мәліметтерді сандық қол қоюға қолданатын жеке кілт арқылы жүзеге асыруға болады. Сандық сәйкестендіру белгісі жататын мәліметтер шығу тегін сәйкестендіру үшін толығымен тәуелсіз немесе қатардағы тетіктер коммуникация құралдарымен бірге жүзеге асырылады.

7.1.1 0 сынып (қорғалмаған)

0 сыныпта мәлімделген АІ мен бірегей нөмір бар және тек мәлімдеушіден верификаторға АІ айырбасының бөлігі ретінде беріледі. Бұған ең жақсы мысал парольді жіберу болып табылады. 0 сынып симметриялық сәйкестендіру мысалы болып табылады. Бұл тетіктер сыныбы сәйкестендіру ақпараты мен қайта жасау шабуылдарға осал болып табылады.

Туындау құралы 9 суретте көрсетілгендей кіру мәліметтерімен байланысты АІ айырбасын жасайды.

Тексеру құралы мәлімделген АІ бірегей номер алумен байланысты тексеру сәйкестендіру ақпараты мен пароль сәйкестігін тексереді.

0 сынып тетіктері объектілер сәйкестендірілуіне сонымен қатар мәліметтер шығу тегіне қатысты қолданылады.



9. сурет – 0 сынып тетігі (қорғалмаған)

7.1.2 1 сынып (ашылудан қорғалған)

Бұл тетік класы мәлімделген сәйкестендіру ақпараты ашылуынан сақтауды қамтамасыз етеді. 1 сынып тетігі нысандар мен мәліметтер шығу тегін сәйкестендіру мақсатында қолданған.

Бұл тетіктер түрлену қызметін қолданады, оның көмегімен мәлімделген АІ бірегей идентификатормен бірге түрленіп, онымен бірге ұсынылады. Шынайы мәлімделген сәйкестендіру ақпараты байланыс арнасы арқылы берілмейді. Төменде бірнеше мысалдар келтірілген:

– Бір жақты қызмет көмегімен түрленген парольді жіберу (мысалы, криптографиялық бақылау мағынасы немесе хэш-функциясы);

– Құпия кілт көмегімен шартталған сандық сәйкестендіру белгісін жіберу;

– Құпия кілт арқылы шартталған парольдерді жіберу;

– Жеке кілт арқылы шартталған сандық идентификациялық белгі;

Бұл түрдегі тетіктер сәйкестендіруге, мәліметтер шығу тегіне, сонымен қатар объектілерге қатысты қолданылады. Олар жасырын ауыстырып қою шабуылына төтеп бере алмайды, алайда мәлімделген АІ ашудан қорғанысын қамтамасыз етеді. Мысалы түрленген пароль айырбас хаттамасы деңгейінде қайталап берілуі мүмкін, бірақ жүйемен өзара әрекет деңгейінде қолданылатын парольдің мәтіні ашылмайды.

Туындау құралы мәлімделген АІ қолданады және қажет болса, 10 суретте көрсетілгендей криптографиялық түрлену мақсатында бірегей идентификаторлы және/немесе сандық идентификаторлық белгіні кіру ақпараты ретінде қолданылады.

Сәйкестендіру сұранысы, бірегей
идентификатор, Р(мәлімделген АІ, [сандық
идентификациялық белгі])

МӘЛІМДЕУШІ ВЕРИФИКАТОР

10 сурет – 1 сынып. Ашылудан қорғалған тетік

төменде түрлену қызметтерінің үш мысалы келтірілген (F):

а) бір жақты қызмет кезінде тексеру құралы мәлімделген АІ дың орнына тексеру АІ қатысты қолданады, содан кейін АІ айырбасының нәтижелерін салыстырады.

b) Симметриялық шарттау құралын қолданған кезде тексеру құралы алынған АІ айырбасы үшін тексеру АІ қолданады, содан кейін ашылған ақпарат дұрыстығын оның мәлімдеушінің бірегей идентификатор, дұрыс сандық идентификациялық белгі, пароль немесе тұрақты мағына секілді бірегей ерекшеліктер дұрыстығын тексереді.

с) Сандық қол қою құралы жағдайында алынған мәліметтерден сандық идентификациялық белгілерді есептеп шығарады және тексеру АІ алынған қолдың аталған идентификациялық белгіге қатысты күшке ие ма, жоқ па тексереді.

Одан басқа мәліметтердің шығу тегін сәйкестендірген кезде АІ айырбасы кезінде жаңадан құралған сандық идентификациялық белгімен салыстырылады, оларға сәйкестендіру талап етіледі.

Ескертпе – Егер принципиалдың бірегей идентификаторы мәлімделген сәйкестендіру ақпаратымен бірге қолданса, онда бұл жабуды жасауға кедергі жасайды. Уақыттың әр сәтінде барлық принципиалдарға шабуыл жасаудың орнына арнайы бір принципиалға қатысты бір шабуыл жасалады.

Түрлену қызметі құпиялығын қамтамасыз ету үшін ол кері функцияға ие болмауы керек. Егер кері функция орын алған болса, онда қарау есептеу шығындары тұрғысынан мәлімдеуші АІ қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тарап үшін мүмкін емес болады (және сандық идентификациялық белгі)

7.1.3 2 сынып (ашылудан және түрлі верификаторлардың қайта жаңғыртудан қорғалған)

Бұл тетік сыныбы ақпаратты ашылудан және түрлі верификаторлар арқылы, бірақ сол бір верификатор арқылы қайта жаңғыртуды қамтамасыз етеді. Бұл тетік сыныбы 1 сыныппен ұқсас, бірегей сипаттамаға ие аталған верификатор түрлену қызметінің кіру мәліметтеріне қатыстылығынан басқа. Ол қосымша қорғанысты қамтамасыз етеді.

7.1.4 3 сынып (бір верификатордан ашылу және қайта жаңғыртудан қорғаныс)

Бұл тетік класы мәлімделген АІ ашылудан және оның сол верификатор арқылы қайта жаңғыртылуынан қорғауды қамтамасыз етеді . Бұл сыныпта сол верификатор қайта жаңғыртылуынан қорғауды қамтамасыз ету бірегей ақпаратпен бірге түрлену функцияларын қолданатын бірегей нөмірлер тетіктері арқылы қамтамасыз етіледі. Мәлімделген АІ және бірегей номер түрленеді және бірегей идентификатормен бірге беріледі.

Төменде бірегей нөмірлерге қатысты бірнеше мысалдар келтірілген:

a) Кездейсоқ және жасырын кездейсоқ нөмірлер. Бұндай сандар мәлімделген сәйкестендіру ақпаратын өмірлік циклінде кепілдендірілген түрде қайталанбайды. Кездейсоқ немесе жасырын кездейсоқ сандар неғұрлым үлкен ауқымда бір санның бұрын соңды қолданылған ықтималдығын төмендете алады.

b) Уақытша белгілер. Бірегей нөмірлер сенімді көзден алынған уақытша белгілер болып табылады және мәлімделген сәйкестендіру ақпаратының өмірі бойына бірегей болып қалыптасады. Ескі және бұрын қолданылған уақытша белгілер жойылады.

c) Есептеуіш. Бірегей нөмір дегеніміз сол мәлімденбеген АІ қолдану кезінде ұлғаятын есепші мағынасы.

d) Криптографиялық тізбек. Бірегей нөмір бұрынырақ мәлімдеуші мен верификатор арасында блоктар тіркесі көмегімен мәліметтерден шыққан мағынаны қамтиды.

Мәлімдеушіден тыс бұл нөмірдің бірегейлігі оның сол мәлімдеушіге бірегей болып табылатын мәліметтермен біріктіру арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін (мысалы, оның бірегей идентификаторымен).

Сонымен қатар бұл технологияларды бірегей нөмірлер тағайындау мақсатында бірігіп қолдану да мүмкін.

Төменде түрлену қызметінің үш мысалы келтірілген (F):

a) Біржақты түрлену қызметі. Бірегей нөмір, мәлімделген АІ, бірегей идентификатор біржақты қызмет арқылы түрленеді. Сонымен қатар бірегей нөмір верификатор да осындай түрленуді орындау үшін беріледі.

b) *Асимметриялық алгоритм.* Басқарудың сыртқы параметрі жеке кілт болғанда, шақыру жеке кілт арқылы тіркеледі.

c) Симметриялық алгоритм. Сыртқы басқару параметрі құпия кілт болғанда шақыру шартталады немесе тексеру мағынасының көмегімен иесі белгісіз қол қойылады және сол құпия кілт ретінде қолданылады.

Бұл қосалқы класс мәліметтер шығу тегі мен объектілер сәйкестендірілуіне қолданылады.

Туындау құралы бірегей нөмірді жасайды. Содан кейін келесі кіріс ақпаратын қолдану арқылы шарттау жүзеге асырылады:

– Бірегей нөмір,

– Мәлімделген АІ,

– Бірегей идентификатор (міндетті емес),

– сандық идентификациялық белгі (егер мәліметтер шығу тегінің Сәйкестендірілуі жүзеге асырылса) және 11 суретте көрсетілгендей АІ айырбасының туындауы болады.

Сәйкестендіруге сұраныс, бірегей идентификатор,

_____

F (шақырулар, тексеру АІ,
[бірегей идентификатор])

шақыру, таңдалған мағыналар

МӘЛІМЕУШІ ВЕРИФИКАТОР

шақыру

11 сурет – 3 қосалқы клас. Бірегей нөмірлердің тетігі

Тексеру құралы АІ айырбасын тексеріп ашып, тексереді және 1 сыныпты сипаттау кезінде көрсетілгендері АІ арқылы айырбасты тексереді. Сонымен қатар алынған бірегей нөмірдің бұрын соңды қолданылмағанын тексеріледі. Егер нөмір бұрын алынған болса, онда оның қайта жаңғыртуы болғанын білдіреді. Мәліметтер шығу тегін сәйкестендіру кезінде бұған қоса сандық идентификациялық белгі АІ айырбасында алынған мәліметінен қайта жасалған сандық идентификациялық белгілерімен салыстырылады.

Ескертпе – Криптографиялық байланыс деген термин ИСО/МЭК Халықаралық стандартта алынған 10116 блоктар байланысы терминіне сәйкес келеді.

7.1.5 4 сынып (Сол немесе түрлі верификаторларға ашу және қайта құрудан қорғау)

7.1.5.1 4а қосалқы класс. Бірегей сандар тетігі

Бұл тетік сыныбы бірегей сипаттамаға ие аталған верификатор түрлену қызметінің кіру мәліметтеріне қатыстылығынан басқа 3 сыныппен ұқсас. Ол қосымша қорғанысты қамтамасыз етеді.

7.1.5.2 4б Қосалқы класы. Шақыру тетіктері

Шақыру тетігі қайта жаңғырту шабуылдарына қарсы әрекет етуге негізделген, яғни қайта жасалған АІ айырбасы арқылы сәйкестендіру жасау талпынысы сәтсіз болатындығын кепілдендіреді. Сәйкестендіруге сұраныс жауабына верификатор мәліметші шақыруын жасайды, ол шақыруда бірегей мағынасы бар элементтер бар. Мәліметші шақыру ақпаратын және қайсыбір қызметтер көмегімен мәліметші сәйкестендірулік ақпарат түрлендіреді.

Шақыру тетігі үш ақпарат өткізуді қамтиды:

– сәйкестендіруге сұраныс беру;

– шақыруды жүзеге асыру;

– мәлімделген АІ алынған мағынаны қамтитын жауапты жібері, арнайы қызметтер көмегімен бірегей идентификатормен, шақыру ақпаратымен біріктіру мүмкін (F).

Жалпы жағдайда бірегей идентификатор сәйкестендіру сұраныспен бірге немесе соңғы жауаппен жіберіледі.

Төменде шақыру тетігінде қолданылатын (F) түрлену қызметтерінің бірнеше мысалдары келтірілген:

а) *Біржақты түрлену қызметі*. Бірегей нөмір, мәлімделген АІ, бірегей идентификатор біржақты қызмет арқылы түрленеді.

б) *Асимметриялық алгоритм*. Басқарудың сыртқы параметрі жеке кілт болғанда, шақыру жеке кілт арқылы тіркеледі.

в) *Симметриялық алгоритм*. Сыртқы басқару параметрі құпия кілт болғанда шақыру шартталады немесе тексеру мағынасының көмегімен иесі белгісіз қол қойылады және сол құпия кілт ретінде қолданылады.

Шақыру тетігінің жасалған шақырудың сәйкестендіруге сұраныс жасалған кезде алынған идентификаторға тәуелді болу арнайы жағдайы болады. Бұл шақырудың арнайы тетігі деп аталады. Бұл жағдайда бірегей идентификатор сәйкестендіру сұранысы міндетті болып табылады. Қосымша ретінде түрлену қызметінің төртінші мысалын келтіреміз:

г) *Криптографияны қолданусыз*. Шақырушы объект белгілі жауапты талап еткен кезде сұрақ-жауап кестелерін қолдану;

Бұл қосалқы класс мәліметтер шығу тегі мен объектілер сәйкестендірілуіне қолдануға болады.

Тұндыру құралы сәйкестендіруге сұраныс жасайды (ол арнайы шақыру кезінде бірегей идентификатормен қолдануы қажет). Осы аталған сәйкестендіру сұранысты алғаннан кейін тексеру құралы АІ айырбасы түріндегі бірегей шақыруды жасап шығарады.

Содан кейін туындау құралы 12 суретте көрсетілгендей кіріс мәліметтерін түрлендіру көмегімен АІ айырбасын жасайды.

Біржақты түрлену қызметі жағдайында мәлімдеуші АІ орнына тексеру АІ қолданып, АІ айырбасымен салыстырады. Бұл аталған әрекеттерді орындау үшін верификаторға бірегей идентификатор мен тексеру құралы қолданатын мәліметтер қол жеткізерлік болулары қажет.

Басқа түрлену жағдайында тексеру құралы тексеруді қайталайды немесе кері немесе тексеру АІ қолдану арқылы мазмұнын тексереді.

Сәйкестендірулік сұраныс, [бірегей идентификатор]

шақыру

ӨТІНУШІ *л* ---------- ВЕРИФИКАТОР

[бірегей идентификатор]
Р(мәлімделген АІ, шақыру, [бірегей идентификатор], [сандық идентификациялық белгі])

12. сурет – 4б қосалқы класы. Шақыру тетігі.

7.1.5.3 4в. қосалқы класы. Арнайы шартталған шақырулар тетігі

Арнайы шартталған шақырулар тетігі сондай-ақ үш ақпарат өткізуін көздейді:

– сәйкестендіру мен бірегей идентификаторға сұраныс жіберу;

– шақыру мен тексеру АІ беру, бірегей идентификатормен және арнайы (F) функция арқылы түрленген идентификатормен бірігуі мүмкін;

– шақыру ақпаратынан тұратын жауапты жіберу.

Төменде арнайы шарттау шақыруының екі тетігінің екі мысалы келтірілген:

а) *Асимметриялық алгоритм*. Басқарудың сыртқы параметрі жеке кілт болғанда, шақыру жеке кілт арқылы тіркеледі.

b) Симметриялық алгоритм. Сыртқы басқару параметрі құпия кілт болғанда шақыру шартталады немесе тексеру мағынасының көмегімен иесі белгісіз қол қойылады және сол құпия кілт ретінде қолданылады.

Бұл тетігі түрін тек объектілер сәйкестендірілуіне қолданамыз, мәліметтер шығу тегіне қатысты қолданылмайды.

Туындау құралы сәйкестендіру сұранысын жүзеге асырады. Сәйкестендіруге және бірегей идентификаторға сұранысты алған кезде тексеру құралы алдын ала болжай алмайтын шақыруды құрайды. Содан кейін ол 13 суретте көрсетілгендей АІ айырбасын құру мақсатында түрлену қызметтері көмегімен түрленеді.



сурет . 13 – 4в қосалқы класы. Арнайы шартталған белгі тетігі

Содан кейін туындау құралы тексеру АІ орнына АІ айырбасы ретінде қайтарылатын шақыруды алу мақсатында мәлімдеуші АІ-ды кері түрленуді жүзеге асырады. Атап өтетін жайт, шарттауды түрлендіру ғана осы сызбаға жарамды.

Соңғы сатыда тексеру құралы бұрын туындалған шақырумен салыстырады.

7.1.5.4 4г қосалқы класы. Есептелінген жауап тетіктері.

Бұл шақыру тетігінің қосалқы класы сондай-ақ үш ақпарат беруді көздейді:

– Таңдауға арналған мағыналар жиынтығы мен идентификациялық ақпаратпен бірге сәйкестендіруге сұраныс жіберу:

– Осындай мағынаны білдіретін шақыруды жасау верификатор арқылы таңдалып алынған;

– Бірегей нөмірден, шақырудан немесе жауапты есептеп шығаруға арналған мағыналардан, сонымен қатар қатысты функция көмегімен түрленген мәлімделген АІ-дан тұратын жауапты жіберу.

Бұған «нөлдік білім» бар технология мысал бола алады, верификатор бірнеше «тапсырмалардан» мәлімдеуші ашпастан шешуі қажет біреуін таңдайды. Бұл «қаскүнемнің» жасырын ауыстыру шабуылынан сақтайды, верификатор таңдап алатын ол барлық емес кей мағыналар үшін дұрыс жауапты есептеп шығара алады. Егер бір ғана ақпарат айырбасы орын алса, верификатор «қаскүнем» дұрыс жауабын білетін мағынаны таңдай алады. Ақпарат алмасудың санының өсуі бұндай шабуылдың сәтті болу ықтималын төмендетеді.

Туындау құралы ең алдымен 14 суретте көрсетілгендей АІ айырбасына енгізілетін бірегей нөмірді және мағыналар жиынтығын жасайды.

Сәйкестендіруге сұраныс, бірегей идентификатор,
бірегей нөмір, мағыналар жиынтығы

---------- ►

шақыру, таңдалған мағыналар
МӘЛІМЕУШІ <---------- ВЕРИФИКАТОР

F (шақырулар немесе таңдалып алынған мағыналар,
Мәлімделген AI,
[сандық идентификациялық белгі])

сурет . 14 – 4г қосалқы класс. Есептеліп шығарылған жауаптың жауабы

Тексеру құралы содан кейін жиынтық арасынан мағынаны таңдап алып, екінші ақпараттық айырбасты ұйымдастыру үшін шақырулар жасайды. Туындау қызметі шақыру немесе таңдалған мағыналар түрленуін мәлімденген AI қолдану арқылы жүзеге асырады.

Содан кейін соңғы сатыда тексеру құралы тексеруді қолдану арқылы кері түрленуді жүзеге асырады және алынған мағынаны тексереді.

7.2 Ақпаратты беруді бастау

7.1 тармақта ақпараттар айырбасы сәйкестендіруге сұраныс көмегімен басталады. Алайда сол қосалқы класс тетіктерінің объектілерін сәйкестендіру үшін верификатор шақыру мен сәйкестендіруді қолдану арқылы ақпарат алмасу бастамашысы болуы мүмкін. Бұл жағдайда ақпараттар алмасу саны түрлі болуы мүмкін. 7.5 тармақтағы №1 кестеде әр жағдайға жасалған ақпараттар алмасуының саны берілген.

7.3 Сәйкестендіру сертификаттары

Сәйкестендіру тетіктері тексерулік AI алу әдісі бойынша жіктеледі. Ол келесі әдістер бола алады:

оперативті мүмкін сәйкестендіру сертификаттары; автономды сәйкестендіру сертификаттар; алдын ала алынатын тексерулік AI, мысалы, қорғалған каналдар арқылы алынуы мүмкін.

Сәйкестендіру сертификаты 5.3. тармақта көрсетілген қағидалар көмегімен сәйкестендіруді қорғауды қамтамасыз етуге қолданылуы мүмкін г). Сәйкестендіру сертификаты сенім берілген үшінші жақтың осы бірегей идентификаторды арнайы тексерулік AI мен байланыстырғанын растайды.

7.4. Өзара сәйкестендіру

Өзіне тек бір жақты айырбасты қамтитын тетіктер қосалқы класы (яғни 1,2,3 және 4а қосалқы класстар) қандай тараптық ақпараттық айырбас болса да өзара сәйкестендіруге қолданылуы мүмкін.

4б қосалқы классына тетіктің сол түрі екі жаққа да қолдануы мүмкін. Бірінші шақыру сәйкестендіру сұранысымен бірге, ал бірінші шақырудың өзгеруі екінші шақырумен (15 суретті қараңыз) жіберілуі мүмкін. Ол бір жақты сәйкестендірудегі айырбастар санын талап етеді.

Сондай–ақ 4с қосалқы класс бірінші шақыру бойынша өзгерістер сәйкестендіруге сұраныспен жіберіледі, ал екінші шақырылым өзгерісі біріншімен бірге жіберіледі.

4б қосалқы класс 4с қосалқы класс тетігімен бірге қолданылады. Екі сұранысы өзгерістік мәліметтерге қосылады. Көрсетілген және тексерулік АІ симметриялық мұқама жағдайында әр тарапта және өзгерістер бір рет қана өткізіледі.

Әр жақтағы ассиметриялық мұқама жағдайында екі өзгерістер жүзеге асырылады.

4 д қосалқы класс немесе үш немесе одан да көп мәліметтерді беру біржақты сәйкестендіруге қажетті. Өзара сәйкестендіру төрт және одан да көп мәліметтер айырбасы.



А ОБЪЕКТІСІ — сәйкестендіру бастамашысы

В ОБЪЕКТІСІ — жауапты

Ескертпе – Жауаптар мен бірегей мәліметтер идентификаторлар қосалқы класстарды сипаттау кезінде ескерулері қажет, сонымен қатар суретті қараңыз.

15 - сурет – Шақыру тетіктерін қолдануымен өзара сәйкестендіру.

7.5. Класс сипаттарының есебі

1 кестеде басты әртүрлі класстар мен қосалқы класстарды мінездеме мен дәлсіздіктер келтірілген. Класстар қасиеттер 6 тармақта көрсетілген.

Кесте 1 – Тетіктер сипаттамасы және дәлсіздігі

Қосалқы класс	0	1	2	3	4а	4б	4в	4г
Дәлсіздік								
Ашылуы	Иә	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Түрлі верификаторларды шығару	Иә	Иә	Жоқ	Иә	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Сол верификаторға шығару	Иә	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Қосалқы класс	0	1	2	3	4а	4Ь	4с	4d
«қаскүнемнің» бастамасымен жасалған жасырын ауыстыруына шабуыл	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ
«қаскүнемнің» жауабының жасырын ауыстырылуына	Иә	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Қасиеттер								
симметриялық (сим)/ асимметриялық (асим)	сим	сим/ асим	сим/ асим	сим/ асим	сим/ асим	сим/ асим	сим/ асим	Асим
Шарт белгі қою (Иә)/(Жоқ)/	Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә/ Жоқ	Иә	Иә
Мәліметтерді беру саны								
Сәйкестендіруді мәлімдеуші бастайды	1	1	1	1	1	3	3	3
Сәйкестендіруді верификатор бастайды	2	2	2	2	2	2	4	4
Мәліметтердің шығуын Сәйкестендіру	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә	Жоқ	Иә

7.6 Пішін көмегімен сұрыптау

Сәйкестендіру процессіне сенімді үшінші жақтар тартылуы мүмкін. Бұл жағдайда бастысы әр объекті мен сенім артқан үшінші тарап арасындағы сенімділік табиғатын анықтау қажет. Үшінші сенім атқан тарапты қолданудың ең қарапайым үлгісі сенім артқан жалғыз үшінші тарап үлгісі болып табылады. Басқа үлгілерде бірқатар сенім артқан үшінші тараптар қарастырылуы мүмкін, ол бір біріне сенім артады, ал жалпылай алған үлгілерде сенім артқан үшінші тараптар бір – бірлеріне сенім артпаулары мүмкін.

7.6.1 Сенім артқан үшінші тараптарды тарту кезіндегі модельдеу қағидалары

Кей жағдайларда верификатор егер бірнеше сенім артқан үшінші тұлғалардан кепілдік алған жағдайда принципиалдың ұқсастығына сенімді бола алады.

Егер сәйкестендіру процессіне үш немесе одан да көп сенім артқан үшінші тараптар тартылған болса, онда бір немесе одан да көп сенім артқан тараптардың бұрмалануынан сақтану мүмкін болады. Қауіпсіздік стратегиясының көпшілігінде көпшілік ережесі қолданылады. Бұдан былай тек жалғыз сенім артқан үшінші тарапты тарту ең қарапайым жағдайы қарастырылған.

Мәлімдеуші, верификатор және жалғыз үшінші сенім артылған тарап араларындағы қарым қатынастар келесі ұғымдар бойынша моделденуі мүмкін:

– сатылар, олар 5.4. тармағында анықталғандай (атап айтқанда, таратылу, алу, верификацияларды беру сатылары);

– бастапқы ақпаратқа ие болу.

7.6.1.1 Сатылар үлгілері

Сатылар әртүрлі объектілермен келесі түрде сәйкестенеді:

– Тарату сатысында мәлімдеуші, верификатор және сенім артқан үшінші тараптар қатысады:

– Қабылдау сатысында мәлімдеуші және үшінші сенім артқан тарап немесе верификатор және үшінші сенім артқан тарап қатысады;

– тапсыру сатысында кез мәлімдеушіден, верификатордан және сенім артылған үшінші тараптан тұратын кез - келген сыңар;

– Верификациялау сатысында верификатор және сенім артылған үшінші тарап қатысады.

Қабылдау, тарату және верификациялау сатылары 8.1. тармақтағы көрсетілген тетіктерді қолдануға болады.

Тарату сатысы оперативті немесе автономды болады. Автономды түрде тарату сатысы әдетте Сәйкестендірулік айырбастан бұрын жүзеге асырылады. Бұл жағдайларда мәлімделген ИА дің әлі де дәл екендігіне кепілдік жоқ (яғни жойылмаған).

16 суретте көрсетілгендей сәйкестендірудің бірнеше сызбасын анықтауға болады. Ол суретте А объектісі мәлімдеуші, ал В – верификатор болып табылады. Бұл сурет тек түсіндіру үшін қолданылады және онда көрсетілген сызба міндетті түрде толық болып табылмайды.

А сызбасы бойынша А объектісі мәлімденген ИА-ды сенім артылған үшінші тараптан ол тараппен сәйкестендіру айырбас жасалғаннан кейін алады; В объектісі тексеруші ИА ды сенім артылған үшінші тараптан алады. Содан кейін В объектісі верификацияны локальды түрде жүзеге асырады.

В сызбасында А объектісі мәлімденген ИА ды сенім артылған үшінші тараптан сәйкестендіру айырбас жасалғаннан кейін алады, В объектісі ИА айырбасын көрсетеді, оны А объектінен алады, ол объект өз кезегінде үшінші тарапқа верификация үшін берілген.

